

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚР НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

---

**БОЛАТ ТЕМІРБЕТОН  
КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ. ҚАТТЫ  
АРМАТУРАСЫ БАР БОЛАТ ТЕМІРБЕТОН  
КОНСТРУКЦИЯЛАР БӨЛІМІ**

---

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ  
СТАЛЕЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ.  
ЧАСТЬ. СТАЛЕЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ  
КОНСТРУКЦИИ С ЖЕСТКОЙ АРМАТУРОЙ**

---

**ҚР НТҚ-04-01-1.3-2012  
(ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011)  
НТП РК-04-01-1.3-2012  
(к СН РК EN 1994-1-1:2004/2011)**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғашқы рет

## ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВВЕДЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	IV
1 Қолдану саласы .....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	2
3 Терминдер мен анықтамалар .....	3
4 Белгілер мен қысқартулар .....	4
4.1 Латын алфавитінің бас әріптері .....	4
4.2 Латын алфавитінің кіші әріптері .....	6
4.3 Грек алфавитінің кіші әріптері.....	7
5 Жобалау негіздері.....	7
5.1 Тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларының ерекшеліктері .....	7
5.2 Материалдар .....	8
5.2.1 Бетон.....	8
5.2.2 Қонструктивті болат .....	9
5.2.3 Арматура .....	10
5.2.4 Жалғау элементтері.....	10
5.3 Есептеу әдістері.....	10
6 Болат темірбетон аражабындарыН есептеу.....	12
6.1 Қима кластарын анықтау.....	12
6.2 Иілгіштігін есептеу .....	13
6.3 Көлденең жылжуын есептеу .....	15
7 Бағандарды есептеу.....	24
7.1 Қималардың көтергіштік қабілетін анықтау .....	24
7.2 Орнықтылығын есептеу.....	26
7.3 Болат және бетонның біріккен жұмысын қамтамасыз ету.....	29
А қосымшасы (ақпараттық) Тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларының қолданылу саласы .....	38
Б қосымшасы (ақпараттық) Тұтас арматуралы болат темірбетон элементтерінің тораптық жалғаулары .....	57
В қосымшасы (ақпараттық) ГОСТ бойынша болат пішіндерінің сұрыптамалары .....	62
Г қосымшасы (ақпараттық) Еуропалық болат пішіндерінің сұрыптамалары.....	69
Библиография .....	112

## **КІРІСПЕ**

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық сейсмикаға төзімді құрылыс пен сәулет институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны («ҚазҒЗСТҚСИ» РМК) дайындаған.

Осы нормативтік-техникалық құралда берілген:

– ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 5 және 6-тарауларындағы тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын жобалау қағидалары және ережелері;

– ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 2-6 тарауларда берілген ережелер, дамытатын қағидалар мен ережелер;

– Жобалау тәжірибесінде ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 5 және 6-тарауларының ережелерін қолданудағы суретті мысалдар.

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 ережелерінен басқа осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеу кезінде төмендегілер ескерілді:

– ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 Ұлттық қосымша ережелері;

– ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Құрылыстық жобалау негіздері» сәйкес келетін ережелері;

– ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 «Болат конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ереже және ғимараттарға арналған ережелер» сәйкес келетін ережелері;

– Тұтас арматуралы болат темірбетон конструкциялары саласында мамандандырылған шетел ұйымдарымен орындалған зерттеулердің және жоба шешімдерінің мақұлданған нәтижелері.

Әзірленген құжат ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 мазмұндалған талаптарды қолдану бойынша тәжірибелік құрал және тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын есептеу және конструкциялау бойынша көмекші материал болып табылады.

Осы нормативтік-техникалық құрал инженерлік-техникалық қызметкерлерге, жоба өніміне тапсырыс берушілерге, жоғарғы оқу орындарының мұғалімдеріне және студенттеріне арналған.

Қазақстан Республикасында ерікті түрде нормативті құжат ретінде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ  
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**БОЛАТ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ. ҚАТТЫ  
АРМАТУРАСЫ БАР БОЛАТ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАР БӨЛІМІ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАЛЕЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ. ЧАСТЬ.  
СТАЛЕЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ КОНСТРУКЦИИ С ЖЕСТКОЙ АРМАТУРОЙ**

Енгізілген күні – 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 «Болаттемірбетон конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ереже және ғимараттарға арналған ережелер» ережелерін тарату үшін жасалған және тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын жобалау кезінде қолдануға арналған.

1.2 Осы нормативтік-техникалық «Болат темірбетон конструкцияларын жобалау. Тұтас арматуралы болат темірбетон конструкциялары» құралы ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 келесі тараударында берілген қағидалар мен ережелерден тұрады және дамытады:

- 1-тарау «Жалпы ережелер»;
- 2-тарау «Есептеу бойынша ереже негіздері»;
- 3-тарау «Материалдар»;
- 5-тарау «Конструкцияларды есептеу»;
- 6-тарау «Көтергіштік қабілеті бойынша шекті күйлері».

1.3 ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 берілген қағидалар мен ережелер жалпы және арнайы болып бөлінеді.

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 1-6-тараударында және осы нормативтік-техникалық құралда тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын және олардың конструктивтік элементтері үшін жалпы болып табылатын қағидалар мен ережелер берілген.

Жалпы қағидалар мен ережелерді толықтыратын тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын жобалаудың арнайы қағидалар мен ережелері ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 1,2,3,5,6-тараударында бар.

1.4 Осы құжаттың мақсаты тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын есептеуді және жобалауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.5 Осы нормативтік-техникалық құрал төмендегілер үшін арналған:

- жобалау құжатын тапсырыс берушілердің қолдануы (мысалы, тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларына қойылатын негізгі талаптарды тұжырымдау үшін);
- тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын жобалауды жүзеге асыратын мамандардың қолдануы;
- тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын жобалау және құрылыс сапасына бақылауды жүзеге асыратын мамандардың қолдануы;
- сәйкесінше әкімшілік органдарының қолдануы.

1.6 Сәйкес келетін нормативтерді әзірлегенге дейін қойылатын талаптары ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 ескертілмеген тұтас арматуралы болат темірбетон конструкцияларын жобалауды арнайы зерттеу нәтижелеріне негізделген техникалық шарттар негізінде жүзеге асыру керек.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құралды қолдану үшін келесі сілтеме құжаттар қажет. Мерзімі көрсетілген сілтемелер үшін тек сілтеме құжатының көрсетілген басылымын ғана қолданады, мерзімі көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы басылымын (оның барлық өзгертулерін қосқанда) қолданады:

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР ҚН EN 1993-1-8:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-8 бөлімі. Қосылыстарды есептеу.

ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 Болат конструкцияларды жобалау. 1-9 бөлімі. Қажу беріктігі.

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 Болаттемірбетон конструкцияларын жобалау. 1-1-бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР СТ EN 10025-2 Ыстықтай жаймаланған конструктивті болаттан жасалған бұйымдар. 2-бөлім. Қоспасыз конструктивті болатты үшін жеткізудің техникалық шарттары.

ҚР СТ EN 10025-4 Ыстықтай жаймаланған конструктивті болаттан жасалған бұйымдар. 4-бөлім. Термонығайтылған иленген дәнекерлі ұсақ түйіршікті конструктивті болатты жеткізудің техникалық шарттары.

Ескертпе – Осы нормативтік-техникалық құралды қолданған кезде жыл сайын шығарылатын ағымдағы жылға күйі бойынша ақпараттық «Қазақстан Республикасының аумағындағы сәулет, қалақұрылысы және құрылысы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізімінің», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша сілтеме құжаттардың әрекет етуін мақсатты түрде тексеру. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативтерді пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырылмай өзгертілген болса, онда сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

## **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы құралда сәйкес келетін анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

**3.1 Жалғау (connection):** Екі немесе одан көп элемент бекітілетін орын. Есептеу кезінде жалғау сәйкес келетін ішкі күштерді және моменттерді беру процесінде жалғау жұмыстарын ұсыну үшін қажетті негізгі компоненттердің тобы болып табылады.

**3.2 Жалғанған элемент (connected member):** Көтергіш элементіне немесе басқа тірек конструкциясына жалғанған кез келген элемент.

**3.3 Торап (joint):** Екі немесе одан көп конструкция элементтерінің қосылу аясы.

**3.4 Болат темірбетонды элемент (composite member):** Бетоннан және конструктивті немесе суықтай деформацияланған болаттан жасалған компоненттері, бетон мен болат арасындағы өзара бойлық ығысуды және бір компоненттің екіншісінен үзілуін шектейтін біріктірілген жалғаулары бар конструктивті элемент.

**3.5 Тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкциялары (composite structures of stiffness reinforced members):** Бетонмен біріккен жұмысы жылжымалы жалғау элементтерінің нәтижесінде қол жеткізілетін бетондалған болат пішіндерден тұратын конструкциялар.

**3.6 Жылжымалы жалғау (shear connection):** Жеткілікті беріктікке және қаттылыққа ие, екі компонентті де бірыңғай конструктивті элемент бөлігі ретінде есептеуге мүмкіндік беретін болаттемірбетон элементінің бетон және болат компоненттерінің арасындағы жалғау.

**3.7 Болаттемірбетонды қаңқа (composite frame):** Бірнеше немесе барлық элементтері болаттемірбетонды, ал қалған элементтерінің көпшілігі болат болып табылатын қаңқа.

**3.8 Конструктивті жүйе (structural system):** Ғимараттың немесе инженерлік имараттың көтергіш элементтері және осы элементтердің бірлесіп жұмыс істейтін тәсілі.

**3.9 Есептеу өлшемі (design criteria):** Әрбір шекті күйлер үшін орындалуы тиіс шарттарды сипаттайтын сандық көрсеткіштер.

**3.10 Беріктік (strength):** Материалдың әсерлерге қарсыласу қабілетін сипаттайтын және әдетте механикалық кернеуін бірліктермен көрсететін материалдың механикалық қасиеті.

**3.11 Сенімділігі (reliability):** Имараттардың немесе оның конструктивті элементінің есептік пайдалану мерзімі ішінде белгіленген талаптарға сәйкес келу қабілеті. Сенімділігі әдеттегідей ықтималдылық шамалармен көрсетіледі.

Ескертпе –Сенімділік түсінігі имараттың қауіпсіздігіне, пайдалану жарамдылығына және беріктігіне ықпал етеді.

**3.12 Бетондағы жарықшақсыз иілу қаттылығы (un-cracked flexural stiffness):** Болаттемірбетонды элементтің көлденең қимасының қаттылығы  $E_a I_1$ , мұндағы  $I_1$  – созылған бетонда жарықшақтар жоқ болады деген болжаммен есептелінген болатқа берілген тиімді қима инерциясының моменті.

**3.13 Бетондағы жарықшақтарымен иілу қаттылығы (cracked flexural stiffness):** Болаттемірбетон элементінің көлденең қимасының қаттылығы  $E_a I_2$ , мұндағы  $I_2$  – созылған бетонды есептемей, бірақ арматураны есептеу арқылы болатқа келтірілген тиімді болаттемірбетонды қиманың инерция моменті.

**3.14 Жалғанған элемент (connected member):** Көтергіш элементіне немесе басқа тірек конструкциясына жалғанған кез келген элемент.

**3.15 Болаттемірбетонды арқалық (composite beam):** Ең бастысы иілуге ұшыраған болаттемірбетонды элемент.

**3.16 15 Болаттемірбетонды бағана (composite column):** Ең бастысы сығылуға немесе иіліп сығылуға ұшыраған болаттемірбетонды элемент.

**3.17 Болаттемірбетонды плита (composite slab):** Белгілі бір қалыпқа келтірілген болат табақтар бастапқы кезде алынбайтын қалып ретінде пайдаланатын, содан кейін бетонмен конструктивті бірігіп және ол қатайғаннан кейін сыртқы созылған арматура ретінде жұмыс істейтін аражабын плитасы.

## 4 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құралда келесі белгілер қабылданған:

### 4.1 Латын алфавитінің бас әріптері

- $A$  – созылған бетонды есептемегендегі болаттемірбетонды көлденең қиманың тиімді ауданы;
- $A_a$  – болат элементінің көлденең қимасының ауданы;
- $A_c$  – бетонның көлденең қимасының ауданы;
- $A_{ct}$  – созылған бетон аймағының көлденең қимасының ауданы;
- $A_{fc}$  – сығылған сөренің көлденең қимасының ауданы;
- $A_s$  – арматураның көлденең қимасының ауданы;
- $A_{sf}$  – көлденең арматураның көлденең қимасының ауданы;
- $A_v$  – болат элементін жылжыту ауданы;
- $A_1$  – жапсырма пластинка астындағы жүк ауданы;
- $E_a$  – конструктивті болат серпімділігінің модулі;
- $E_{c,eff}$  – бетон серпімділігінің тиімді модулі;
- $E_{cm}$  – бетон серпімділігінің қима модулі;
- $E_s$  – арматура болатының серпімділік модулінің есептік мәні;
- $(EI)_{eff}$  – шартты иілгіштікті есептеу кезіндегі тиімді иілу қаттылығы;
- $(EI)_{eff,II}$  – тиімділігін есепке алу арқылы екінші тәртіпті есептеу кезінде тиімді иілу қаттылығы;
- $F_{c,wc,c,Rd}$  – баған қабырғаларын монолитті құйғандағы бетонның көлденең сығылуына көтергіш қабілетінің есептік мәні;
- $G_a$  – конструктивті болатты жылжыту модулі;
- $G_c$  – бетонды жылжыту модулі;
- $I$  – болатқа берілген созылған бетонды есепке алмай есептелінген тиімді болаттемірбетонды қиманың инерция моменті;
- $I_a$  – болат элементінің инерция моменті;
- $I_c$  – жарықшағы жоқ бетон қимасының инерция моменті;
- $I_s$  – болат арматура қимасының инерция моменті;



- $I_1$  – созылған бетонда жарықшақтар болмайды деген болжамда есептелінген болатқа берілген тиімді болаттемірбетонды қиманың инерция моменті;
- $I_2$  – созылған бетонды есептемей, бірақ арматураны есептеу арқылы болатқа берілген тиімді болаттемірбетонды қиманың инерция моменті;
- $K_e, K_{e,II}$  – болаттемірбетонды бағаналарды есептеу кезіндегі түзету коэффициенттері;
- $K_{sc}$  – жылжыта жалғау түріне қатысты қаттылығы;
- $K_0$  – болаттемірбетонды бағандарды есептеу кезіндегі калибрлеу коэффициенті;
- $M$  – иілу моменті;
- $M_a$  – созылымды кезеңдегі болаттемірбетонды қиманың иілуге көтергіштік қабілетін есептеудегі болат элементінің үлесі;
- $M_{a,Ed}$  – болат қимаға түсірілген есептік иілу моменті;
- $M_{b,Rd}$  – иілу кезіндегі болаттемірбетонды арқалықтың орнықтылыққа көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $M_{c,Ed}$  – болаттемірбетонды қимаға түсірілген есептік иілу моментінің бөлігі;
- $M_{cr}$  – болаттемірбетонды арқалықты бұрау арқылы иілудің жазық пішінді орнықтылығын жоғалтқан кездегі серпімді аумалы моменті;
- $M_{Ed}$  – есептік иілгіш моменті;
- $M_{el,Rd}$  – болаттемірбетонды қиманың серпімді кезеңдегі иілгіштік моменті бойынша көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $M_{max,Rd}$  – иілгіштік моменті бойынша бойлық сығылған күш бар болған кездегі болаттемірбетонды қиманың көтергіштік қабілетінің максималды есептік мәні;
- $M_{pl,a,Rd}$  – иілгіштік моменті бойынша созылымды кезеңдегі болат қиманың көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $M_{Rd}$  – болаттемірбетонды қиманың немесе иілгіштік моменті бойынша тораптың көтергіштік қабілетінің нормативтік мәні;
- $M_{Rk}$  – болаттемірбетонды қиманың немесе иілгіштік моменті бойынша тораптың көтергіштік қабілетінің сипаттамалық нормативтік мәні;
- $M_{a,Ed}$  – болат қимаға түсірілген есептік иілгіштік моменті;
- $M_{c,Ed}$  – болаттемірбетонды қимаға түсірілген есептік иілгіштік моментінің бөлігі;
- $M_{pl,N,Rd}$  – созылымды кезеңдегі бойлық сығылған күшті есепке алу арқылы иілгіштік момент бойынша қиманың көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $M_{pl,Rd}$  – толықтай біріккен кездегі созылымды кезеңде иілгіштік момент бойынша болаттемірбетонды қиманың көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $N$  – бойлық сығылған күш;
- $N_{cr,eff}$  – тиімді иілу қаттылығына сәйкес келетін болаттемірбетонды бағанаға түсірілген серпімді аумалы жүктеме;
- $N_{cr}$  – серпімді кезеңдегі аумалы осьтік күш;
- $N_{c1}$  – түсірілген жүктемеден бойлық күштің есептік мәні;
- $N_{Ed}$  – бойлық сығылған күштің есептік мәні;
- $N_{G,Ed}$  – бойлық сығылған күштің тұрақты бөлігінің есептік мәні;
- $N_{pl,Rd}$  – созылымды кезеңдегі осьтік сығылған күш бойынша болаттемірбетонды қиманың көтергіштік қабілетінің есептік мәні;

- $N_{pl,Rk}$  – созылымды кезеңдегі осьтік сығылған күш бойынша болаттемірбетонды қиманың көтергіштік қабілетінің нормативтік мәні;
- $N_{pm,Rd}$  – бетонның осьтік сығылған күш бойынша көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $N_s$  – созылымды кезеңдегі осьтік күш бойынша болат арматураның көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $N_{sd}$  – созылымды кезеңдегі осьтік созылу күші бойынша болат арматураның көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $V_{a,Ed}$  – болат қимаға әсер ететін жылжыту күшінің есептік мәні;
- $V_{b,Rd}$  – болат қабырғаны жылжыту кезінде орнықтылығына көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $V_{c,Ed}$  – қабырғаларды монолитті құйғанда бетонға әсер ететін жылжыту күшінің есептік мәні;
- $V_{Ed}$  – болаттемірбетонды қимаға әсер ететін жылжыту күшінің есептік мәні;
- $V_{l,Rd}$  – жылжытуға көтергіштік қабілетінің есептік мәні;
- $V_t$  – тірек реакциясы;
- $V_{wp,c,Rd}$  – баған қабырғаларының учаскесін жылжытуға бетонды монолитті құйғандағы көтергіштік қабілетінің есептік мәні.

#### 4.2 Латын алфавитінің кіші әріптері

- $d$  – дөңгелек құбырдың сыртқы диаметрі; бағанның минималды көлденең өлшемі;
- $e$  – жүктеме түсірудің эксцентриситеті;
- $f_{cd}$  – сығуға бетонның цилиндрлік беріктілігінің есептік мәні;
- $f_{ck}$  – 28 тәулік шамасында сығуға бетонның цилиндрлік беріктілігінің сипаттамалық мәні;
- $f_{sd}$  – арматуралы болаттың шекті ағымының есептік мәні;
- $f_{sk}$  – арматуралы болаттың шекті ағымын сипаттайтын мәні;
- $f_u$  – созылуға арналған уақытша кедергіге тапсырылған мәні;
- $f_y$  – конструктивті болаттың шекті ағымының номиналды мәні;
- $f_{yd}$  – конструктивті болаттың шекті ағымының есептік мәні;
- $h_t$  – сыналатын үлгінің жалпы қалыңдығы;
- $k_{wc,c}$  – бойлық сығу кернеуінің көлденең сығу кезінде баған қабырғаларының көтергіштік қабілетіне әсер етуін есепке алатын коэффициент;
- $\nu_{Ed}$  – есептік бойлық жанама кернеу;
- $w_k$  – жарықшақтарды анықтау енінің есептік мәні.

#### 4.3 Грек алфавитінің кіші әріптері

- $\alpha_{cr}$  – серпімді кезеңде тұрақсыз күйге жететін есептік жүктемені ұлғайту коэффициенті;
- $\alpha_M$  – болаттемірбетонды бағанның иілуіне қатысты коэффициент;
- $\alpha_{M,y}, \alpha_{M,z}$  – сәйкесінше у-у және z-z осьтеріне қатысты болаттемірбетонды бағанның иілуіне қатысты коэффициент;
- $\gamma_c$  – бетон үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{M0}$	– көлденең қималардың көтергіштік қабілетін есептеу кезіндегі конструктивті болат үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті, ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (6.1(1)) қараңыз;
$\gamma_{M1}$	– элементтердің көтергіштік қабілетін есептеу кезіндегі орнықтылығының бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициенті, ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (6.1(1)) қараңыз;
$\gamma_s$	– арматура болаты үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
$\gamma_{VS}$	– жылжытуға болаттемірбетонды плитаның көтергіштік қабілетін анықтау үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
$\delta_{uk}$	– жылжыту деформациясының сипаттамалық мәні;
$\varepsilon$	– $\sqrt{235/f_y}$ мұндағы $f_y$ Н/мм <sup>2</sup> есептегенде;
$\eta$	– жылжыту жалғауларын қолдану деңгейі; коэффициент;
$\eta_a, \eta_{a0}$	– бетонды сығуға әсер етуін есепке алатын коэффициенттер;
$\eta_c, \eta_{c0}, \eta_{cL}$	– бетонды сығуға әсер етуін есепке алатын коэффициенттер;
$\bar{\lambda}$	– шартты икемділік;
$\mu$	– үйкелу коэффициенті; номиналды коэффициент;
$\mu_d$	– сығуды және тегіс иілуді есептеуге қатысты коэффициент;
$\nu_a$	– конструктивті болат үшін Пуассон коэффициенті;
$\zeta$	– жылжыту жалғауларының өзгеруіне қатысты параметр;
$\rho_s$	– параметр; арматуралау коэффициенті;
$\sigma_{com,c,Ed}$	– есептік бойлық күштің әсер етуінен монолитті бетоннан құюдағы осьтік сығылу кернеуі;
$\tau_{Rd}$	– жылжытуға есептік төзімділігі;
$\varphi_t$	– жылжығыштық коэффициенті.

## 5 ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

### 5.1 Тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкцияларының ерекшеліктері

5.1.1 Тұтас арматураның жұмысын екі кезеңде қарастыру керек:

- тұтас арматура қалыптарды ілу, жұмыс мінбелерін орнату, монтаждау механизмдерін орналастыру және т.б. үшін темірбетон конструкцияларының қаңқасының рөлін атқаратын, қарапайым болат конструкциялары ретінде жұмыс істеген кездегі монтаждау кезеңі.

- тұтас арматура темірбетонды қима құрамында бетонмен жобалау беріктігін қабылдағаннан кейін жұмыс істеген кездегі пайдалану кезеңі.

5.1.2 Тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкцияларын бетондау әдеттегідей, сондай-ақ арнайы керек-жарақтардың көмегімен тұтас арматураға ілінетін аспалы қалыпта жүргізілуі мүмкін. Бетон қоспасын қосқанда, тұтас арматура монтаждау жүктемелерінен көп майысқан кезде аспалы қалыпқа аражабындардың қалыптан босатылғаннан кейінгі түзулігін қамтамасыз ететін құрылыс биіктігін қалыптау керек.

5.1.3 Тұтас арматураны монтаждау және оны бетондау реттілігі бетонмен біріктіріліп істелген жұмысты есепке алмай металл қаңқа есебінен жүргізілген жобаға сәйкес келісім жасалуы керек.

5.1.4 Жобамен бетондамай-ақ монтаждауға рұқсат етілген қабаттар санының шектерінде қаңқаны бетондау жоғарыда орналасқан қабаттардың конструкцияларын монтаждаумен бірге жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда бетонның жүктелуге дейінгі төзімділігі талап етілмейді, яғни ғимараттардың жылдам тұрғызылуын алдын ала анықтайды.

5.1.5 Тұтас арматура үшін металды үнемдеу мақсаттарында монтаждау кезеңіндегі жұмысқа сүйене отырып, оның қимасын біршама төмендетіп қабылдау керек. Ауыр жүктелген конструкциялардың габариттерін кішірейту мақсатында тұтас арматураның қималары монтаждау кезеңінде конструкциялардың көтергіштік қабілетін қамтамасыз ету үшін талап етілгенге қарағанда артық болуы мүмкін.

5.1.6 Пайдалану кезеңінде конструкциялардың қажетті көтергіштік қабілетіне талап етілген бетон қималарын іріктеу және қажеттілігіне қарай иілгіш арматураны қосу арқылы қол жеткізіледі.

## **5.2 Материалдар**

### **5.2.1 Бетон**

5.2.1.1 Тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкцияларын дайындау үшін беріктігі C20/25 төмен емес және C60/75 жоғары емес класты бетондарды қолдану керек. Бетонның беріктік және басқа механикалық параметрлерінің мәндерін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кестесіне сәйкес қабылдау керек.

5.2.1.2 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес бетон үшін жеке қауіпсіздік коэффициентін тұрақты және өтпелі есептік жағдай үшін 1,5 тең және ерекше есептік жағдай үшін 1,2 тең қабылдау керек.

5.2.1.3 Бетонның жылжымалылық деформацияларын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1.4-тармағының нұсқауларына сәйкес анықтау керек.

5.2.1.4 Бетонның шөгуінің толықтай салыстырмалы деформациясы бетонның  $\varepsilon_{cd}$  кепкен кездегі салыстырмалы шөгу деформациясынан және бетонның қатайған кездегі  $\varepsilon_{cs}$  салыстырмалы шөгу деформациясынан тұрады. Кәдімгі бетонның еркін шөгуінің толық деформациясының шамаланған мәндерін есептеулерде құрғақ орта жағдайларында  $\varepsilon_{cs} = 325 \times 10^{-6}$  және басқа жағдайлар үшін  $\varepsilon_{cs} = 200 \times 10^{-6}$  қабылдауға болады.

### **5.2.2 Конструктивті болат**

5.2.2.1 Тұтас арматура ретінде қолданылатын өте тиімді пішіндер болат қоставрлар және швеллерлер болып табылады. Олардың ГОСТ және еуропалық стандарттар бойынша сұрыптамасы осы құралдың В және Г-қосымшаларында берілген. Сондай-ақ бұрыштар және таврлар қолданылады.

5.2.2.2 Ыстықтай жаймаланған конструктивті болаттың және тұйықталған пішінді элементтер үшін конструктивті болат қасиеттерінің сипаттамаларын

ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 3.1-кестесіне сәйкес қабылдау керек. Болаттардың басқа маркаларының сипаттамалары ұлттық қосымшада берілуі мүмкін.

5.2.2.3 Конструктивті болат үшін аққыштық шегінің және уақытша кедергісінің  $f_y = R_{eh}$  и  $f_u = R_m$  тең номиналды мәндері ұлттық қосымшада ескертілетін дайындаушы зауыттың не болмаса жеткізушілердің мәліметтері бойынша қабылдануы мүмкін. Бұл жағдайда болат ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 3.2.2-тармағына сәйкес келесі параметрлермен сипатталатын созылымдыққа қойылатын талаптарды қанағаттандыруы керек:

- созылуға  $f_u$  уақытша кедергінің минималды мәнінің  $f_y$  аққыштық шегінің минималды мәніне қатынасын ( $f_u/f_y > 1,1$  не болмаса ұлттық қосымша бойынша қабылданады);

- $f_u$  уақытша кедергіге сәйкес келетін шекті деформацияны  $\varepsilon_u$  ( $\varepsilon_u > 15f_y/E$  не болмаса ұлттық қосымша бойынша қабылданады);

- үлгінің үзілуінен кейінгі салыстырмалы ұзарту  $5,65(A_0)^{0,5}$ , мұндағы  $A_0$  – көлденең қиманың бастапқы ауданы (салыстырмалы ұзартудың ұсынылған мәні 15 % кем емес болуы тиіс не болмаса ұлттық қосымша бойынша қабылданады).

5.2.2.4 ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 3.2.3-тармағына сәйкес болат конструкциялардың есептік қызмет көрсету мерзімінің шектерінде ең төменгі пайдалану температурасы кезінде созылған және сығылған элементтердің морт бүлінуін есептемейтін жеткілікті соққылық тұтқырлығы болуы тиіс. Ең төменгі температураның мәні ұлттық қосымшада берілген.

5.2.2.5 ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 3.2.6-тармағына сәйкес есептеулердегі конструктивті болаттар үшін келесі физикалық сипаттамалар мәндерін қабылдау керек:

- серпімділік модулі  $E = 210000$  МПа;

- жылжыту модулі  $G = 81000$  МПа;

- Пуассон коэффициенті 0,3.

5.2.2.6 ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 сәйкес болаттемірбетон конструкцияларындағы температуралық айырмалар бойынша күштерді, кернеулерді және деформацияларды анықтаған кезде сызықтық термиялық ұлғаю коэффициенті  $10 \times 10^{-6} \text{ K}^{-1}$  тең болып қабылданады.

## 5.2.3 Арматура

5.2.3.1 Арматуралық болат қасиеттерінің сипаттамаларын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес (С-қосымшасы) не болмаса ұлттық қосымша бойынша қабылдау керек.

5.2.3.2 Көтергіштік қабілеті бойынша шекті күйлерін тексеру кезінде арматура үшін  $\gamma_s$  қауіпсіздік коэффициенттері тұрақты және өтпелі есептік жағдайлар үшін  $\gamma_s = 1,15$  және ерекше есептік жағдай үшін  $\gamma_s = 1,0$  қабылданады. Арматураның қалдықты беріктігі ҚР ҚН EN 1993-1-9:2005/2011 сәйкес тексеріледі.

5.2.3.3 Арматураның серпімділік модулінің есептік мәнін ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 сәйкес  $E_s = 210$  ГПа тең конструктивті болат үшін оның мәнін тең деп қабылдауға болады.

### 5.2.4 Жалғау элементтері

Болат элементтердің жалғауларының есептік көтергіштік қабілеті ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (3.3) талаптарын қанағаттандыруы керек. Бекіту бұйымдарына және дәнекерлеу материалдарына қойылатын талаптар ҚР ҚН EN 1993-1-8:2005/2011 берілген. Бетонның тұтас арматурамен бірге сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қалыптастырылған бастиектері бар цилиндр өзектер түріндегі жалғау элементтерін не болмаса А-қосымшасының А.16, А.19, А.17 және А.20-суреттерінде берілген жалғауларды қолдану керек.

### 5.3 Есептеу әдістері

5.3.1 Тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкциялары құрылыс және пайдалану кезеңінде байқалатын барлық әсер етулерге және деформацияларға қарсы тұруға сәйкесінше сенімділікке қабілетті болатындай етіп есептелінуі және жобаланатын ғимараттар немесе имараттардың қызмет ету мерзімінің ұзақтығына қол жеткізуі тиіс.

5.3.2 Беріктікті және орнықтылықты есептеуді конструкциялардың жұмыс істеуінің барлық кезеңдері үшін және жүктемелер мен әсер етулердің барлық үйлесімдерінде жүргізу керек. Бұл кезде жүктемелердің тиімсіз үйлесімдері мен әсер етулерін есептеу арқылы конструкцияларды дайындау, тасымалдау, монтаждау және пайдалану кезінде олардың жұмыстарының ең қолайсыз жағдайлары қарастырылуы керек.

5.3.3 Бойлық иілуді есепке алу арқылы тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкцияларының беріктігін есептеу барлық тұрақты және уақытша жүктемелер бөлігінің ұзақ әсер етуіне қолайсыз ықпалын есепке алу арқылы жүргізілуі тиіс. Уақытша жүктеменің ұзақ және қысқа мерзімді әсер етуін шектеу ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 нормаларында беріледі. Динамикалық жүктеменің ықпалын ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 нормаларының ұсыныстарына сәйкес ескеру қажет.

5.3.4 Тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкцияларында туындайтын ішкі күштерді біртекті серпімді денеге арналған секілді құрылыс механикасының ережелері бойынша анықтау керек. Бұл кезде тіпті, егер көлденең қималардың көтергіштік қабілеті материалдың сызықтық емес қасиеттерін есепке алу арқылы анықталған болса да, серпімді статикалық есептеуді қабылдау қажет.

5.3.5 [5.4.2.1(1)] Есептеулер кезінде бетондағы жарықшақтардың, жылжу деформациясының және бетон шөгуінің пайда болуы, тұрғызу жүйелігінің және алдын ала кернелудің ықпалын ескеру керек.

5.3.6 [5.4.4(3)] Сызықты серпімді статикалық есептеу нәтижесінде алынған иілгіштік сәттері толық және жартылай біріктірілген болаттемірбетонды арқалықтарда, болат элементтерінде (ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (5.4.1(4)) және иілетін темірбетонды элементтерде (ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.5)) қайта бөлінуі мүмкін.

5.3.7 Иілгіш тұтас арматуралы болаттемірбетонды элементтерді иілгіштік моменті бойынша және тік жазықтықта жылжуын тексеру керек.

5.3.8 [6.2.1.1] Кез келген класты болаттемірбетонды қималарды иген кездегі көтергіштік қабілетін серпімді кезеңде немесе материалдың сызықтық емес қасиеттерін есепке ала отырып анықтауға болады. Бұл кезде, егер жылжыту жалғауы және сәйкес келетін көлденең арматуралау есептік бойлық жылжыту күштерін таратуды есепке ала отырып жобаланған болса, онда бұл жағдайда болаттемірбетонды көлденең қима тегіс болып қалуына рұқсат етіледі.

5.3.9 ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.7.1(5)) сәйкес тұтас арматуралы болаттемірбетонды сығылған элементтерді есептеу келесі тексерулерді енгізуі керек:

- элементтің көтергіштік қабілетін;
- болат қима элементтерінің жергілікті орнықтылығын;
- болат және бетон элементтері арасындағы жылжуға көтергіш қабілетін;
- жүктемелерді беру орындарындағы беріктігін.

5.3.10 Сығылған болаттемірбетонды элементтер келесі әдістермен есептелінеді:

– бағандар ұзындығы бойынша симметриялы емес немесе ауыспалы көлденең қималары бар элементтер үшін жалпы әдіспен (үлкен тәжірибелік мәндері жоқ);

– ұзындығы бойынша тұрақты көлденең қималары бар және симметриялы екі осі бар ең көп таралған элементтер үшін жеңілдетілген әдіспен.

5.3.11 [6.7.3.] Есептеудің жеңілдетілген әдісін тәжірибеде ең көп қолданылатын болат бөлігі тұтас ыстықтай жаймаланған, суықтай иілген немесе дәнекерлеу пішіндерден орындалатын бағаналар үшін қолдану қажет. Жеңілдетілген әдісті қолдану шарттары келесілер болып табылады:

- иілу жазықтығындағы элементтің шартты иілгіштік шамасы  $\bar{\lambda} \leq 2,0$  болуы тиіс;
- болаттемірбетонды қиманың биіктігінің еніне қатынасы орнықтылығының бұрау пішінін жоғалтуды болдырмау мақсатында  $h/b = 5,0$  аспауы тиіс;
- есептеуде қабылдануы мүмкін бойлық арматуралау бетон қимасының 6 % ауданынан аспауы тиіс;
- толықтай бетондалған (7.2а-сурет) болат қималар үшін есептеуде қабылдануы мүмкін бетонның қорғаныш қабатының ең жоғары қалыңдығының шекті мәндері  $\max c_z = 0,3h$  және  $\max c_y = 0,4b$  құруы тиіс.

–



## 6 БОЛАТТЕМІРБЕТОНДЫ АРАЖАБЫНДАРЫН ЕСЕПТЕУ

### 6.1 Қималар класын анықтау

6.1.1 Болаттемірбетонды аражабындарды тұрғызу процесінде болат арқалықтардың көлденең қималары үшін ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (5.5) көрсетілген жіктеу жүйесін қабылдау керек.

6.1.2 [5.5.3] Болаттемірбетонды қима оның сығылған болат элементтерінің минималды қолайлы класы бойынша жіктелуі тиіс. Бетондалған қабырғасы бар болаттемірбетонды қиманың болат сөрелердің құламаларын 6.1-кестеге сәйкес жіктеу керек. Бұл жағдайда бетон қабырғаның жергілікті орнықтылығын және сөрелердің сығылған бөліктерін жоғалтудың алдын алу үшін болат қимамен арматуралануы және механикалық байланыста болуы тиіс.

**6.1-кесте - ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 5.5.3-тармағына сәйкес бетондалған қабырғамен сығылған болат сөрелердің қималарын жіктеу**

 $0,8 \leq \frac{b_c}{b} \leq 1,0$		 <p>Кернеуді бөлу (сығу)</p>
Класы	Түрі	Шегі
1	1 – қаттау, 2 - дәнекерлеу	$c/t \leq 9\varepsilon$
2		$c/t \leq 14\varepsilon$
3		$c/t \leq 20\varepsilon$


6.1.3 Бетондалмаған қабырғасы бар, бірақ бетон тақталы сөреге бекітілген қоставрлы қималардың сығылған болат сөресі, егер біріктіргіш анкерлі өзектер арасындағы арақашықтық ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.6.5.5) талаптарына сәйкес келетін болса 1-класты сөре ретінде қарастырылуы мүмкін.

## 6.2 Иілгіштігін есептеу

6.2.1 Иілетін элементтердегі тұтас арматураны монтаждау жүктемені қабылдау шарттарынан, соның ішінде толтырылатын бетон қоспаларынан жобалануы керек. Пайдалану жүктемелері кезінде есептеуге кейде иілгіш арматурамен нығайтылатын сәйкесінше бетон қимасы енгізіледі.


6.2.2 Егер ішінара біріктіру кезінде икемді біріктіруші элементтер қолданылса, онда  $M_{Rd}$  көлденең қиманың көтергіштік қабілетін қабырғаларды бетонмен монолитті құйғандағы сығылған арматураны есептемей-ақ созылымды кезеңде есептеу кезіндегі секілді анықтауға болады. Бұл кезде бетон плитада  $N_{c,f}$  сығылған күштің орнына  $\eta = N_c/N_{c,f}$  шамасына азайтылған  $N_c$  күш мәнін қолдану керек (6.1-сурет).





**6.1-сурет - Дұрыс иілгіштік моментінің әсер ету кезіндегі болаттемірбетонды қимадағы кернеулі-деформацияланған күйі [3]**

6.2.3 Созылымды кезеңдегі иілу кезіндегі қиманың  $x_{pl}$  бейтарап осінің күйін 6.2-суретке сәйкес  $N_c$  күші әсер еткен кезде анықтау керек.




**6.2-сурет – Кернеулерді иілгіштіктен тарату және иілетін тұтас арматуралы болаттемірбетонды элементтерінің қималарындағы созылымды кезеңдегі  $x_{pl}$  бейтарап осінің күйіне мысалдары [ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.3.2(2)-тармақ]**

6.2.4  $M_{Rd}$  иілуі кезінде көтергіштік қабілетінің мәнін ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.1) формуласы бойынша есептеу керек:


$$M_{Rd} = M_{pl,a,Rd} + (M_{pl,Rd} - M_{pl,a,Rd}) \cdot \frac{N_c}{N_{c,f}}. \quad (6.1)$$

$M_{Rd}$  және  $N_c$  арасындағы тәуелділікті анықтау үшін 6.3-суреттегі графиктерді қолдану керек, мұндағы  $M_{pl,a,Rd}$  және  $M_{pl,Rd}$  дұрыс иілгіш моменттер үшін толық біріккен болат және болаттемірбетонды қималарға сәйкес созылымды кезеңдегі иілу кезіндегі көтергіштік қабілеттіліктің есептік мәндерін ұсынады.



**6.3-сурет – Иілгіштік жылжыту жалғаулар кезіндегі  $M_{Rd}$  және  $N_c$  арасындағы тәуелділік: 1 – созылымды кезеңде, 2 – жеңілдетілген әдіс бойынша [ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.2.1.3(5)-тармақ]**

6.2.5 Жылжыта жалғау элементтерін  $n/n_f$  қолдану деңгейін анықтау үшін келесі процедураны қолдануға болады (6.4-сурет). Ең алдымен иілген кездегі болаттемірбетонды арқалықтың көтергіштік қабілетінің нақты шамасы В нүктесінде орнатылады (DEF жолы және FMB ары қарай). Егер иілген кездегі көтергіштік қабілеті қолданыстағы иілгіштік моментінің  $M_{Ed}$  шамасынан асып кетсе, онда анкерлі өзектердің белгіленген мөлшері жеткілікті болып табылады. Олай болмаған жағдайда олардың мөлшерін түзету керек, мысалы, интерполяция әдісімен. Осы мақсатпен GKNарқылы  $n/n_f$  және балама ретінде GNJ арқылы талап етілген мән анықталады. Анкерлі өзектердің максималды мөлшері J және Nнүктелері арасында орналасады.



$n_f$  - ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.6.1.1(13) және 6.6.2.2(2)-тармақтарына сәйкес толық біріккен кездегі анкерлі өзектердің мөлшері;

$n$ —иілетін элементтің осы ұзындығы шектеріндегі анкерлі өзектердің нақты мөлшері.

**6.4-сурет –цилиндрлік анкерлі өзектердің оңтайлы мөлшерін анықтау процедурасына болаттемірбетонды арқалықтың аралығы  $L = 8$  м болаттың кедергісі  $f_y = 460$  МПа мысалы (тұтас сызықтар ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.6.1.2(3)-тармағына, ал штрих сызықтар - 6.6.1.2(1)-тармағына сәйкес келеді) [3]**


### 6.3 Көлденең жылжуға есептеу

6.3.1 Болаттемірбетонды көлденең қиманың тік жылжуға кедергісін созылымды кезеңде анықтауға болады және егер қиманың арматураланған бетон бөлігінің үлес шамасы белгіленбеген болса, болат пішіндің  $V_{pl,a,Rd}$  кедергісі үшін қабылданады. ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.3.3(3)-тармағының нұсқауларына сәйкес көлденең күшті  $V_{Ed}$  болат қимаға және сәйкесінше қабырғаларды темірбетонмен монолитті құюға әсер ететін  $V_{c,Ed}$  және  $V_{a,Ed}$  құрамдас бөліктерге бөлу болат қима және темірбетонмен монолитті құю арасындағы  $M_{pl,Rd}$  иілгіш моменті бойынша көтергіш қабілетін тарату секілді пропорцияда қабылдануы мүмкін:

$$V_{c,Ed} = V_{Ed} (M_{s,Rd}/M_{pl,Rd}), \quad (6.2)$$

мұндағы  $V_{Ed}$  – болаттемірбетонды қимаға әсер ететін көлденең күштің толық шамасы;  
 $M_{pl,Rd}$  – иілу кезіндегі болаттемірбетонды қиманың көтергіштік қабілеті;  
 $M_{s,Rd} = N_{s,z_s} = A_s f_{sd} z_s$  – иілу кезіндегі болат қиманың көтергіштік қабілеті.

6.3.2 [6.3.3(2)] Ішінара бетондалған қоставрлар жағдайында бетонды және болатты біріктіру 6.5-суретте көрсетілген тәсілдердің бірімен жүзеге асырылуы керек.



1 – тұйықталған қамыттар, 2 – тұйықталмаған, қабырғаға дәнекерленген қамыттар,  
 3 – қабырға саңылауына орнатылған қамыттар

**6.5-сурет - Ішінара бетондалған қоставрлардағы біріктірілген қамыттардың орналасуы [ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.3.3(2)-тармақ]**

Тұйықталмаған қамыттар қабырғаға теңдей берік дәнекерлеу жапсарларымен дәнекерленіп жабыстырылуы керек. Олай болмаған жағдайда олардың көлденең жылжуға ықпал етуі есептелінбейді.

6.3.3 Егер  $V_{a,Ed}$  есептік көлденең күш  $V_{pl,a,Rd}$  созылымды кезеңде тік жылжу кезінде болат қиманың есептік көтергіштік қабілетінің жартысынан асып кетсе, онда иілу кезіндегі оның көтергіштік қабілеттілікке әсер етуін ескеру қажет.

**1-МЫСАЛ**

*Талап етіледі:*


$L = 2,0$  м қадаммен орналасқан, металл арқалықтарға сүйеп қойылатын тұтас арматуралы монолитті кесілмеген болаттемірбетонды аражабын плитасын жобалау керек. Аражабынға уақытша бірқалыпты таралатын пайдалы жүктеме  $12,0 \text{ кН/м}^2$  құрайды.

*Есептің шешімі:*

Болаттемірбетонды плитаны келесі геометриялық сипаттамалары бар қоставрлы симметриялы емес қиманың суықтай иілген пішіндері түрінде тұтас арматурамен жобалаймыз (6.6-сурет):  $A_p = 7,5 \text{ см}^2$ ,  $J_x = 138 \text{ см}^4$ ,  $W_{x1} = 31,5 \text{ см}^3$ ,  $W_{x2} = 37,6 \text{ см}^3$ ,  $h_p = 80 \text{ мм}$ . Аражабын плитасының ені бойынша пішіндер  $s_w = 0,5 \text{ м}$  қадаммен орналасады. Пішін материалдары - ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011  $f_y = 355 \text{ МПа}$ ,  $f_u = 430 \text{ МПа}$ ,  $E_p = 210000 \text{ МПа}$  3.1-кестеге сәйкес S355 маркалы болат. Жоғарғы сөреде және пішіндер қабырғасында эксперимент ретінде орнатылған параметрлері  $m = 184 \text{ Н/мм}^2$ ,  $k = 0,053 \text{ Н/мм}^2$  құрайтын, бетонмен монолитті құю арқылы тұтасуды қамтамасыз ететін штампталған майысқан жерлер мен дөңестер бар (ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (В.3.5)).

Плитаны бетондау үшін пішіндердің төменгі сөресіне орналастырылған қалып қолданылады. ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кестесіне сәйкес C20/25 класты бетонды қабылдаймыз ( $f_{ck} = 20 \text{ МПа}$ ,  $f_{cd} = 13,3 \text{ МПа}$ ,  $E_{cm} = 30000 \text{ МПа}$ ). Пішіндердің жоғарғы сөрелеріндегі темірбетонды плитаның қалыңдығын

$h_c = 50$  мм тең етіп қабылдаймыз. Бетонның шөгуінен жарықшақтардың пайда болуынан және орташа тіреулер үстіндегі теріс иілгіш моментпен туындаған созылмалы кернеулердің әсерлерінен аулақ болу үшін плитаның жоғарғы аймағына қадамы 25 см диаметрі 6 мм өзектерден тұратын арматура торларын орналастырамыз ( $A_s = 2,26 \text{ см}^2/\text{м} > A_{s,\text{min}} = 0,002 \times 5 \times 100 = 1,0 \text{ см}^2/\text{м}$ ).



**6.6-сурет – Ені 1,0 м болаттемірбетон плитасының есептік көлденең қимасы**

Есептік болат пішіндерді  $26 \text{ кН/м}^3$  бетон қоспасының және  $1,0 \text{ кН/м}^2$  монтаждау жүктемесінің меншіктік салмағының әсерімен жұмыс істейтін аражабындарды тұрғызу кезеңінде жүзеге асырамыз. Қиманың 1 м еніне қума жүктемесінің есептелінген сипаттамалық мәндері  $p_k = 2,74 \text{ кН/м}$  және  $q_k = 1,0 \text{ кН/м}$ , ал олардың есептік мәндері  $p_d = 4,1 \text{ кН/м}$  және  $q_d = 1,5 \text{ кН/м}$  құрайды.

Сипаттамалық әсерлерден иілгіштік моменті:

$$M_{\text{оп},k} = 0,1 p_k L^2 = 0,1 \times 2,74 \times 2^2 = 1,1 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Есептік әсерлерден орталық тіректердегі максималды иілгіштік моменті:

$$M_{\text{оп},d} = (0,1 p_d + 0,117 q_d) L^2 = (0,1 \times 4,1 + 0,117 \times 1,5) \times 2^2 = 2,3 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Бойлықтағы есептік әсер етулерден максималды иілгіштік моменті:

$$M_{\text{пп},d} = (0,08 p_d + 0,101 q_d) L^2 = (0,08 \times 4,1 + 0,101 \times 1,5) \times 2^2 = 1,9 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Сипаттамалық әсерлерден иілгіштік моменті:

$$M_{\text{оп},k,\text{max}} = (0,1 p_k + 0,05 q_k) L^2 = (0,1 \times 2,74 + 0,05 \times 1,0) \times 2^2 = 1,3 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Пішіндердің бойлық және тірек қималарының иілу кезіндегі көтергіштік қабілетін ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 (6.2.5) сәйкес анықтаймыз:

$$M_{\text{Rd},1} = W_{x1,b} f_{yb} / \gamma_{\text{mo}} = 2 \times 31,5 \times 10^{-6} \times 355 \times 10^3 = 22,5 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

$$M_{\text{Rd},2} = W_{x2,b} f_{yb} / \gamma_{\text{mo}} = 2 \times 37,6 \times 10^{-6} \times 355 \times 10^3 = 26,7 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

мұндағы қауіпсіздіктің жеке коэффициенті  $\gamma_{\text{mo}} = 1,0$ .

Иілген кездегі пішіндердің көтергіштік қабілетінің шарттары:

$$M_{\text{пп},d} / M_{\text{Rd},1} = 1,9 / 22,5 = 0,084 < 1,$$

$$M_{\text{оп},d} / M_{\text{Rd},2} = 2,3 / 26,7 = 0,086 < 1.$$

Пішіндердің көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілді.

Болат пішіндердің максималды иілуі:

$$w_p = 5(p_k + q_k) L^4 / (384 E_p J_x) - M_{\text{оп},k,\text{max}} L^2 / (16 E_p J_x) =$$

$$= 5 \times (2,74 + 1,0) \times 2^4 / (384 \times 210 \times 10^6 \times 2 \times 138 \times 10^{-8}) -$$

$$- 1,3 \times 2^2 / (16 \times 210 \times 10^6 \times 2 \times 138 \times 10^{-8}) = 0,0008 \text{ м} = 0,8 \text{ мм.}$$

Пайдалану жарамдылығы бойынша шекті күйі:

$$w_p = 0,8 \text{ мм} < L / 180 = 2000 / 180 = 11,1 \text{ мм}$$

қамтамасыз етілді.

Плитаның шекті күйлерін пайдалану кезеңінде тексереміз.

Қиманың 1 м еніне тұрақты жүктеменің есептелінген есептік мәні  $p_d = 2,9 \text{ кН/м}$ , ал пайдалану жүктемесінің есептік мәні  $q_d = 12 \times 1,5 = 18 \text{ кН/м}$  құрайды.

Плитаның  $L$  бойлық ортасындағы есептік әсер етулерден иілгіштік моментін бір өтпелі арқалыққа арналғандай анықтаймыз:

$$M_{Ed} = 0,125 (p_d + q_d) L^2 = 0,125 \times (2,9 + 18) \times 2,0^2 = 10,45 \text{ кН} \cdot \text{м.}$$

Есептік әсер етулердің көлденең күші:

$$V_{Ed} = 0,5 (p_d + q_d) L = 0,5 \times (2,9 + 18) \times 2,0 = 20,9 \text{ кН.}$$

Болаттемірбетонды қималардың бейтарап осінің орнын табамыз:

$$x_{pl} = f_{yp,d} A_p / (0,85 f_{cd} b) = 355 \times 2 \times 7,5 / (0,85 \times 13,3 \times 100) = 4,8 \text{ см} < h_c = 5 \text{ см.}$$

Бейтарап ось болат пішіндердің үстінде бетонда орналасқан.

Созу кезіндегі пішіндердің көтергіштік қабілетін анықтаймыз:

$$N_p = f_y A_p = 355 \times 10^3 \times 2 \times 7,5 \times 10^{-4} = 533 \text{ кН.}$$

Қимадағы  $N_p$  күшінің орнын анықтаймыз:

$$z = h - e_p - 0,5 x_{pl} = 13 - 3,6 - 0,5 \times 4,8 = 6,7 \text{ см,}$$

мұндағы  $e_p = 3,6 \text{ см}$  – болат пішіндер қимасының бейтарап осінің орны (6.1-сурет).

Иілу кезіндегі қиманың көтергіштік қабілеті:

$$M_{pl,Rd} = N_p z = 533 \times 6,7 \times 10^{-2} = 35,7 \text{ кН} \cdot \text{м.}$$

Иілу кезіндегі қиманың көтергіштік қабілетін қамтамасыз ету шарты:

$$M_{Ed} / M_{pl,Rd} = 10,45 / 35,7 = 0,29 < 1.$$

Көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілді.

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (В.3.5) сәйкес  $m-k$  әдісімен анықтаймыз.  $L_s$  мәнін  
 $L_s = L/4 = 2000/4 = 500 \text{ мм}$  тең етіп қабылдаймыз.

$$V_{1,Rd} = b(h - e_p) \{ m A_p / (b L_s) + k \} / \gamma_{vs} =$$

$$= 1000 \times (130 - 36) \times 10^{-3} \times \{ 184 \times 15,3 \times 10^2 / (1000 \times 500) + 0,053 \} / 1,25 = 46,5 \text{ кН,}$$

мұндағы  $b = 1000 \text{ мм}$  – болаттемірбетон плита қимасының есептік ені.

Бойлай жылжыту кезіндегі көтергіштік қабілетін қамтамасыз ету шарты:

$$V_{Ed} / V_{1,Rd} = 20,9 / 46,5 = 0,45 < 1.$$

Болаттемірбетон плитаның көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілді.

Бойлай жылжыту кезіндегі плитаның көтергіштік қабілетін ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.2.6) сәйкес бетонды есептемей анықтаймыз:

$$V_{pl,Rd} = A_v(f_y/3^{1/3}) / \gamma_{mo} = 6,4 \times 355 \times 10^{-2} / 3^{1/3} = 157 \text{ кН},$$

$$\text{мұндағы } A_v = 2h_w t_w = 2 \times 8 \times 0,4 = 6,4 \text{ см}^2.$$

Бойлай жылжыту кезіндегі көтергіштік қабілетін қамтамасыз ету шарты:

$$V_{Ed} / V_{pl,Rd} = 20,9 / 157 = 0,133 < 1.$$

Бойлай жылжыту кезіндегі плитаның көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілді.

Реологиялық процестердің ықпалын есепке ала отырып, плитаның меншіктік салмағынан және пайдалану жүктемесінен иілген жерін анықтаймыз.  $E_{c,eff} = 0,5E_{cm} = 0,5 \times 30000 = 15000 \text{ МПа}$  екендігін қабылдап және болат және бетонның серпімділік модульдерінің қатынасын  $N = E_p / E_{c,eff} = 210000 / 15000 = 14$  есептей отырып, болаттемірбетонды қимадағы бейтарап осьтің орнын табамыз:

$$e = \{A_p(h - e_p) + (h_c)^2 / 2n\} / (A_b + h_c / n) = (2 \times 7,5 \times (13 - 3,6) + 5^2 \times 100 / 2 \times 14) / (2 \times 7,5 + 100 \times 5 / 14) = 4,58 \text{ см}.$$

Берілген қиманың инерция моментін анықтаймыз:

$$J_1 = J_x + A_p(h - e_p - e)^2 + 100(h_c)^3 / 12N + 100h_c(e - h_c/2)^2 / N = \\ = 2 \times 138 + 2 \times 7,5 \times (13 - 3,6 - 4,58)^2 + 100 \times 5^3 / (12 \times 14) + 100 \times 5 \times (4,58 - 5/2)^2 / 14 = 872 \text{ см}^4.$$

Сипаттамалық әсер етулерден плитаның иілуі:

$$w = 5(p_k + q_k) L^4 / (384E_p J_{x,b}) = \\ = 5 \times (2,64 + 12,0) \times 2^4 / (384 \times 210 \times 10^6 \times 872 \times 10^{-8}) = 0,0016 \text{ м} = 1,6 \text{ мм}.$$

Аражабындарды бетондау процесіндегі деформациялануды есепке алумен плитаның толық иілуі келесіні құрайды:

$$w_{fN} = w_p + w = 0,8 + 1,6 = 2,4 \text{ мм} < L / 250 = 2000 / 250 = 8 \text{ мм}.$$


Пайдалану жарамдылығы бойынша болаттемірбетонды плитаның шекті күйі қамтамасыз етілді.

## 2-МЫСАЛ

*Берілгені:*

Аралығы  $L = 6,0 \text{ м}$  және темірбетон плитаның қалыңдығы  $h_c = 95 \text{ мм}$  тұтас арматуралы болаттемірбетон аражабыны. Плита қалыптастырылған бастиектері бар анкерлі өзекті тұтас арматурамен біріктірілген. Тұтас арматура болаттемірбетонды бағаналармен топса арқылы жалғанған қимасының биіктігі  $h_p = 22 \text{ см}$  қоставрлардан жасалған. Болаттемірбетонды қиманың инерция моменті  $I_1 = 14592 \text{ см}^4$  құрайды. Аражабын пайдалану кезеңінде технологиялық жүктеменің әрекетін сынайды  $P_k = 100 \text{ кН}$  (6.7-сурет). Есептеулермен аражабындарды тұрғызу кезеңінде арқалықтардың иілуі  $w_p = 3 \text{ мм}$ , ал пайдалану кезеңінде

аражабындардың иілуі  $w = 25$  мм құрғанын,  $w_{\text{fin}} = w_p + w = 0,3 + 2,5 = 2,8$  см қосындысында  $L / 250 = 600 / 250 = 2,4$  см тең рұқсат етілген мәннен асып кететіндігі анықталды.




**6.7-сурет – Болаттемірбетонды аражабындардың есептік сызбасы**

*Талап етіледі:*

Жобаланған болаттемірбетонды қималардың геометриялық параметрлерін өзгертусіз пайдалану жарамдылығы бойынша аражабындардың шекті күйін қамтамасыз ету.

Аражабынның бағандарға қосылу орнының қаттылығын арттыру арқылы аражабынның иілуін азайтуы мүмкін (Б.8 – Б.10-суреттерін қараңыз). Осы мақсатпен болаттемірбетонды плитаның тірек аймағында оның тиімді ені бойынша  $f_{sd} = 210$  МПа есептік кедергісімен болаттан жасалған диаметрі 12 мм қосымша 6 арматура өзектерін орналастырамыз (6.8-сурет).



1 - арматура

**6.8-сурет – Аражабынды бағанамен жалғау**

Арматура қимасының ауданы:

$$A_s = 6,78 \text{ см}^2/\text{м} > A_{s,\text{min}} = 0,002 h_c b = 0,002 \times 9,5 \times 100 = 1,9 \text{ см}^2/\text{м}.$$

Қосымша арматуралаудың есептік көтергіштік қабілетін анықтаймыз:

$$N = f_{sd} A_s = 210000 \times 6,78 \times 10^{-4} = 142,4 \text{ кН}.$$

Плитаның жоғарғы бетінен арматураның арақашықтығын  $a_1 = 2$  см тең етіп қабылдаймыз.

Тең әрекет етуші күштердің иінін анықтаймыз  $N$ .

$$z = h_p + h_c - a_1 = 0,22 + 0,095 - 0,02 = 0,28 \text{ м}.$$

Иілген кездегі торап жалғауының есептік көтергіштік қабілеті:



$$M_{j,d} = N \cdot z = 142,4 \times 0,26 = 39,9 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Көтергіштік қабілеттіліктің сипаттамалық мәні:

$$M_k = M_{j,d} / 1,2 = 39,9 / 1,2 = 33,2 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

6.1-сурет сызбасына сәйкес  $M_k$  тірек моменттерін есепке ала отырып, аражабынның бүгілуін анықтаймыз.

$$w = 23 P_k L^3 / (648 EI_1) - M_k L^2 / (8 EI_1) = 23 \times 100 \times 6^3 / (648 \times 205 \times 10^6 \times 14592 \times 10^{-8}) - 33,2 \times 6^2 / (8 \times 205 \times 10^6 \times 14592 \times 10^{-8}) = 0,025 - 0,0045 = 0,0205 \text{ м} = 2,05 \text{ см}.$$

Аражабынның шекті күйін қамтамасыз ету шартын пайдалану жарамдылығы бойынша тексереміз:

$$w_{\text{нн}} = w_p + w = 0,3 + 2,05 = 2,35 \text{ см} < L / 250 = 600 / 250 = 2,4 \text{ см}.$$

Шарт орындалады.

### 3-МЫСАЛ

*Берілгені:*

Аралығы  $L = 9,0$  м ғимараттың жақтау қаңқасының болаттемірбетонды ригелі, бірқалыпты таратылған пайдалану жүктемесімен  $q_k$  жүктелген. Ригельдің есептік сызбасы еркін тірелген бір аралықты арқалық болып табылады, оның қимасы ГОСТ 8230-89 (осы қосымшаның В.2-кестесі) бойынша № 40 толық бетондалған болат қоставрдан тұрады. Ригельдің көлденең қимасының өлшемдері осы құралдың 7.9-суретіне сәйкес:  $h_c = 50$  см,  $b_c = 25$  см,  $c_z = 50$  мм,  $c_y = 42,5$  мм құрайды. Қоставрдың геометриялық сипаттамалары: қима ауданы  $A_a = 72,6 \text{ см}^2$ , көлденең оське қатысты инерция моменті  $J_y = 19062 \text{ см}^4$ , кедергі моменті  $W_y = 953 \text{ см}^3$ .  $f_y = f_{yd} = 355$  МПа,  $E_a = 210$  ГПа механикалық сипаттамалары бар қоставр-болат материалы S355. Ригель  $f_{ck} = 25$  МПа,  $f_{cd} = 25/1,5 = 16,7$  МПа,  $E_{cm} = 31$  ГПа,  $n_a = E_a/E_{cm} = 210/31 = 6,77$  сипаттамалары бар C25/30 класты бетонмен бетондалған. Қабырғалардың жергілікті орнықтылығын жоғалтпаудың алдын алу үшін бетон осы Құралдың 6.5(в)-суретте көрсетілгендей болат қимамен механикалық түрде байланысқан. Сонымен қатар ригель төрт икемді өзектермен арматураланған, олар оның ( $A_s = 1,57 \text{ см}^2$ ) көлденең қырларынан  $a = 45$  мм арақашықтықта қима бұрыштарында орналасқан. Арматураның механикалық сипаттамалары:  $f_{sk} = 500$  МПа,  $f_{sd} = 500/1,15 = 435$  МПа,  $E_s = 200$  ГПа,  $n_s = E_s/E_{cm} = 200/31 = 6,45$ .

*Талап етіледі:*

Пайдалану жүктемесінің  $q_k$  сипаттамалық мәнін ригельдің иіліс кезіндегі көтергіштік қабілетінің шекті күйінің шарттарынан анықтау.

*Есептің шешімі:*

Құралдың 1-кестесіне сәйкес қима 1-класқа жатады, осыған байланысты иілу кезінде көтергіштік қабілеті созылымды кезеңде анықталуы мүмкін.  $q_k$  пайдалану жүктемесінің сипаттамалық мәнін иіліс кезіндегі беріктік шарттарынан анықтаймыз

$$M_{ed}/M_{pl,Rd} = 0,125(\gamma_q q_k + \gamma_g g_k)L^2/M_{pl,Rd} = 1,$$

осыдан келіп,

$$q_k = M_{pl,Rd}/(0,125 \gamma_q L^2) - \gamma_g g_k,$$

мұндағы  $\gamma_q = 1,5$  – уақытша пайдалану жүктемесі үшін жеке коэффициент,

$\gamma_g = 1,1$  - ригельдің меншікті салмағынан  $g_k$  тұрақты бойлық жүктеме үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті,

$$g_k = (A_a + A_s)\gamma_a + A_c \gamma_c = (72,6 + 2 \times 1,57) \times 10^{-4} \times 78,5 + 1174 \times 10^{-4} \times 24 = 3,42 \text{ кН/м.}$$

Мұндағы

$\gamma_a = 78,5 \text{ кН/м}^3$ ,  $\gamma_c = 24 \text{ кН/м}^3$  – ҚР ҚН EN 1991-1-1:2005/2011 сәйкес болат және бетонға сәйкес көлемдік салмағы,

$$A_c = b_c h_c - (A_a + 2A_s) = 25 \times 50 - (72,6 + 2 \times 1,57) = 1174 \text{ см}^2.$$

Иілу кезіндегі қиманың көтергіштік қабілетін  $M_{pl,Rd}$  бетонның созылған аймағын есептемей-ақ анықтаймыз.

Бетонға берілген қоставр және арматура қималарының ауданы:

$$A^* = A_a n_a + 2A_s n_s = 72,6 \times 6,77 + 2 \times 1,57 \times 6,45 = 512 \text{ см}^2.$$

Бетонға берілген қиманың жоғарғы қырына қатысты қоставр және арматураның статикалық моменті:

$$S^* = A_a n_a h_c/2 + A_s n_s (h_c - a) + A_s n_s a = 72,6 \times 6,77 \times 50/2 + 1,57 \times 6,45 (50 - 4,5) + 1,57 \times 6,45 \times 4,5 = 12794 \text{ см}^3.$$

Қиманың жоғарғы қырынан бейтарап осьтің орнын анықтаймыз:

$$z = ((2A^*/h_c)^2 + 4 S^*/h_c)^{0,5} - A^*/(0,5h_c) = ((2 \times 512/50)^2 + 4 \times 12794/50)^{0,5} - 512/(0,5 \times 50) = 17,4 \text{ см.}$$

Көлденең оське қатысты берілген қима инерциясының моментін анықтаймыз:

$$J^* = b_c z^3/12 + J_y n_a + A_a n_a (h_c/2 - z)^2 + A_s n_s (h_c - a - z)^2 + A_s n_s (z - a)^2 = \\ = 50 \times 17,4^3/12 + 19062 \times 6,77 + 72,6 \times 6,77 (50/2 - 17,4)^2 + 1,57 \times 6,45 (50 - 4,5 - 17,4)^2 + 1,57 \times 6,45 (17,4 - 4,5)^2 = 189060 \text{ см}^4.$$

Иілу кезіндегі көтергіштік қабілетін анықтаймыз:

$$M_{pl,Rd} = J^* f_{yd} / [n_a (h_c - c_z - z)] = 189060 \times 355 \times 10^{-4} / [6,77 (50 - 5 - 17,4)] = 359,2 \text{ кН·м.}$$

Иілу кезіндегі ригельдің беріктігі жағдайынан пайдалану жүктемесінің шамасы:

$$q_k = M_{pl,Rd} / (0,125 \gamma_q L^2) - \gamma_g g_k = 359,2 / (0,125 \times 1,5 \times 9^2) - 1,1 \times 3,42 = 17,3 \text{ кН/м құрайды.}$$

#### 4-МЫСАЛ

*Берілгені:*

Аралығы  $L = 6,0 \text{ м}$ , бірқалыпты таратылған пайдалану жүктемесімен  $q_k = 25 \text{ кН/м}$  және құрама темірбетон плиталарының салмағымен  $g_{kp} = 14 \text{ кН/м}$  жүктелген құрастырмалы аражабынның бір аралық бос тірелген болаттемірбетонды аралығы. Арқалық осы құралдың 6.5(в)-суретіне сәйкес жартылай бетондалған кең сөрелі болат қоставрдан тұрады. Қоставрдың геометриялық сипаттамалары: қима биіктігі  $h = 26 \text{ см}$ , сөрелер ені  $b = 25,6 \text{ см}$  қима ауданы  $A_a = 114 \text{ см}^2$ , көлденең оське қатысты инерция моменті  $J_y = 14310 \text{ см}^4$ . Қоставр материалы -  $f_y = 355 \text{ МПа}$ ,  $E_a = 210 \text{ ГПа}$  механикалық сипаттамалары бар S355 болат. Арқалық  $f_{ck} = 25 \text{ МПа}$ ,  $E_{cm} = 31 \text{ ГПа}$ ,  $n_o = E_a / E_{cm} = 210/31 = 6,77$  сипаттамалары бар C25/30 класты жартылай бетонмен бетондалған.

*Талап етіледі:*

Арқалықтың шекті күйін пайдалану жарамдылығы бойынша тексеру.

*Есептің шешімі:*

Арқалықтың майысуының шекті мәні:

$$L/250 = 6/250 = 0,024 \text{ м.}$$

Тұрақты және уақытша пайдалану жүктемесінен арқалықтың нақты майысуын келесі формуладан анықтаймыз:

$$w = 5(q_k + g_k)L^4/(384(EJ)_{\text{eff}}).$$

Арқалықтың 1 қума метрінің меншікті салмағы:

$$g_{kw} = A_a \gamma_a + A_c \gamma_c = 114 \times 10^{-4} \times 78,5 + 552 \times 10^{-4} \times 24 = 2,23 \text{ кН/м,}$$

мұндағы  $\gamma_a = 78,5 \text{ кН/м}^3$ ,  $\gamma_c = 24 \text{ кН/м}^3$  – ҚР ҚН EN 1991-1-1:2005/2011 сәйкес болат және бетонға сәйкес көлемді салмағы,

$$A_c = b \cdot h - A_a = 25,6 \times 26 - 114 = 552 \text{ см}^2.$$

Меншіктік салмағын есептегендегі арқалыққа түсетін толық тұрақты жүктеме:

$$g_k = g_{kp} + g_{kw} = 14 + 2,23 = 16,23 \text{ кН/м.}$$

Қиманың иілгіштік қаттылығына ұзақ әсер етулер ықпалын жылжымалылық коэффициентінің  $\varphi_t = 2,0$  көмегімен бетон серпімділігінің модулін түзету арқылы есептейміз.

$$E_c = E_{cm} / (1 + \varphi_t g_k/q) = 31 / (1 + 2,0 \times 16,23/41,23) = 17,3 \text{ ГПа} = 17,3 \times 10^6 \text{ кН/м}^2,$$

мұндағы  $q = q_k + g_k = 25 + 16,23 = 41,23 \text{ кН/м}$  – арқалыққа түсетін жалпы сипаттамалық қума жүктеме.

Бетон инерциясының моменті:

$$J_c = b \cdot h^3 / 12 - J_a = 25,6 \times 26^3 / 12 - 14310 = 23185 \text{ см}^4.$$

Берілген қиманың иілгіштік қаттылығының мәнін ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.40) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$(EJ)_{\text{eff}} = E_a J_a + 0,6 E_c J_c = 210 \times 10^6 \times 14310 \times 10^{-8} + 0,6 \times 17,3 \times 10^6 \times 23185 \times 10^{-8} = 32458 \text{ кН} \cdot \text{м}^2.$$

Арқалықтың майысуы:

$$w = 5 (25 + 16,23) 6^4 / (384 \times 32458) = 0,021 \text{ м,}$$

$$w = 0,021 \text{ м} < L/250 = 6/250 = 0,024 \text{ м.}$$

Арқалықтың шекті күйі пайдалану жарамдылығы бойынша қамтамасыз етілді.

## 7 БАҒАНДАРДЫ ЕСЕПТЕУ

### 7.1 Қиманың көтергіштік қабілетін анықтау

7.1.1 [6.7.3.2] Созылымды кезеңде толық немесе жартылай бетондалған болат қиманың сығымдалғандағы көтергіштік қабілетін тұтас арматураның, бетонның және икемді арматураның көтергіштік қабілеттіліктерінің қосындысы ретінде ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011(6.30) формуласы бойынша анықтау керек:

$$N_{pl,Rd} = A_a f_{yd} + 0,85 A_c f_{cd} + A_s f_{sd}, \quad (7.1)$$

мұндағы  $A_a$ ,  $A_c$ ,  $A_s$  – тұтас арматураның, бетонның және икемді арматураның көлденең қималарының ауданы;

$f_{yd}$ ,  $f_{cd}$ ,  $f_{sd}$  – конструктивті болаттың, бетонның және арматураның есептік кедергілері.


7.1.2 Тұтас арматураның қимасын  $A_a$  монтаждау процесінде бетонсыз бағандау жұмыстарының шарттарын ескере отырып белгілеу керек. Бетондалған бағанның көтергіштік қабілетін ұлғайту қажеттілігіне қарай икемді өзектерден жасалған қосымша көлденең арматуралау қолданылады. Бағандарды қатты және икемді арматурамен арматуралау пайызы 15 % аспауы тиіс. Арматуралаудың артық пайыздары кезінде бетонның арматурадан ерте қабыршақтану мүмкіндігі туындайды.

7.1.3 Сығылып иілуімен ортақ әрекет ету кезінде қиманың көтергіштік қабілетін қимадағы кернеудің тікбұрышты эпюраларын қабылдап және  $V_{Ed}$  есептік жылжыту күшінің ықпалын ескере отырып, анықтау керек (7.1-сурет). Бұл жағдайда созу кезіндегі бетонның беріктігін есептемеуге болады.

7.1.4 Көлденең күш  $V_{a,Ed} > 0,5 V_{pl,a,Rd}$  әсер еткен кезде сығылып иілу кезіндегі оның көтергіштік қабілетіне ықпалын  $A_v$  жылжыту ауданы үшін  $f_{yd}$  болаттың есептік кедергісін  $(1 - \rho)$  шамасына азайту арқылы есептеуге болады, мұндағы  $\rho$  коэффициенті ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.5) формуласымен анықталады (7.1-суретті қараңыз):

$$\rho = (2V_{Ed} / V_{Rd} - 1)2, \quad (7.2)$$

мұндағы  $R_d$  – қиманың жылжуына көтергіштік қабілеті.



**7.1-сурет – Сығылып-иілетін болаттемірбетонды элементтердің қималарындағы созылымды кезеңде кернеуді тарату [ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.7.3.2-тармақ]**

7.1.5 [6.7.3.2(4)]  $V_{Ed}$  көлденең күшті екі құраушыға бөлуге болады: болат қимаға әсер ететін  $V_{a,Ed}$ , күшті және темірбетон қимаға әсер ететін  $V_{c,Ed}$  күшті ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011(6.31-6.32) формулалары бойынша анықтауға болады:

$$V_{a,Ed} = V_{Ed} \cdot M_{pl,a,Ed} / M_{pl,Rd} , \quad (7.3)$$


$$V_{c,Ed} = V_{Ed} - V_{a,Ed} , \quad (7.4)$$

мұндағы  $M_{pl,a,Rd}$  – созылымды кезеңдегі иілу кезіндегі болат қиманың көтергіштік қабілеті;

$M_{pl,Rd}$  – созылымды кезеңдегі иілу кезіндегі болаттемірбетон қимасының көтергіштік қабілеті.

7.1.6  $V_{a,Ed}$  көлденең күш ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 6.2.6-тармағына сәйкес анықталатын жылжуға болат қиманың көтергіштік қабілетінен аспауы тиіс. Жылжуға темірбетонды бөлік қимасының көтергіштік қабілетін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес анықтау керек. Оңайлату ретінде  $V_{Ed}$  көлденең күш тек болат қимамен ғана қабылданатындығын қабылдау керек.

7.1.7 Сығылған элементтердің көтергіштік қабілетіне жергілікті орнықтылықтың ықпалын, егер олардың қималары толықтай бетондалған болса, ал бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы кем дегенде 40 мм немесе болат қима сәресінің 1/6 енін құрайтын болса, ескермеуге болады. Жергілікті орнықтылықтың ықпалын сондай-ақ, қима элементтерінің қабырғалар мен сәрелерінің иілгіштігі  $\max(b/t_f) = 44(235/f_y)^{0.5}$  шамаларынан аспайтын қималар үшін ескермеуге болады (7.2-сурет).



7.2-сурет – Тұтас арматуралы болаттемірбетонды бағандардың көлденең қималарының түрлері [ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.7.1-тармақ]

## 7.2 Орнықтылықты есептеу

7.2.1 Егер ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.44) формула бойынша шарт орындалатын болса, қиманың симметриялы екі осіне қатысты осьтік сығу кезінде бағандардың орнықтылығын қамтамасыз етілген деп санауға болады:

$$\frac{N_{Ed}}{\chi N_{pl,Rd}} \leq 1,0, \quad (7.5)$$

мұндағы  $N_{Ed}$  – есептік сығушы күш;

$N_{pl,Rd} - f_{yd}$  қолдану арқылы 7.1-формула бойынша анықталатын созылымды кезеңдегі болаттемірбетонды қиманың көтергіштік қабілеті;

$\chi - \bar{\lambda}$  шартты иілгіштік функциясы ретінде анықталатын және орнықтылықты жоғалтудың қисығына сәйкес келетін төмендеу коэффициенті (7.1-кесте). Оның мәндерін ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 берілген формулалар бойынша табамыз.

7.2.2 Қарастырылатын иілу жазықтығы үшін  $\bar{\lambda}$  сығылған элементтердің шартты иілгіштігін ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.39) формуласы бойынша анықтау керек:

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{N_{pl,Rk}}{N_{cr}}}, \quad (7.6)$$

мұндағы  $N_{pl,Rk}$  – есептеулердің орнына кедергінің сипаттамалық мәндері қолданылатын 7.1-формуламен анықталатын созылымды кезеңдегі сығуға көтергіштік қабілетінің сипаттамалық мәні;

$N_{cr}$  – төмендегі формуладан анықталатын орнықтылықты жоғалтудың сәйкес келетін түрі үшін серпімді шекті бойлық күші:

$$N_{cr} = \pi^2 (EJ)_{eff} / (l_0)^2 \quad (7.7)$$

Мұндағы тиімді иілгіштік қаттылығы ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011(6.40) формула бойынша есептелінеді:

$$(EJ)_{eff} = E_a I_a + E_s I_s + K_e E_{cm} I_c, \quad (7.8)$$

мұндағы  $K_e = 0,6$  – түзету коэффициенті;

$I_a$ ,  $I_c$  және  $I_s$  – қарастырылатын иілу жазықтығы үшін тұтас арматураның, жарықшақтары жоқ бетонның және иілгіш арматураның сәйкесінше инерция моменті.

7.2.3 Серпімді кезеңдегі тиімді иілу қаттылығына ұзақ әсер етулердің ықпалы  $E_{cm}$  бетон серпімділігі модулін ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.41) формуласы бойынша редукциялау арқылы ескеріледі:

$$E_{c,eff} = E_{cm} \cdot \frac{1}{1 + (N_{G,Ed} / N_{Ed}) \cdot \varphi_t}, \quad (7.9)$$

мұндағы  $\varphi_t$  – ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (3.1.4) сәйкес анықталатын бетонның жылжығыштық коэффициенті;

$N_{Ed}$  – жалпы есептік бойлық күш;

$N_{G,Ed}$  – бойлық күштің тұрақты бөлігі.

7.2.4 Сығылған элементтердің орнықтылығын тексеру кезінде ішкі күштерді екінші тәртіпті статикалық есептеуді қолдану арқылы анықтау керек. Бұл жағдайда есептік тиімді иілу қаттылығын ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.42) формуласы бойынша анықтау керек:

$$(EI)_{eff,II} = K_o \cdot (E_a I_a + E_s I_s + K_{e,II} E_{cm} I_c), \quad (7.10)$$

мұндағы  $K_{e,II} = 0,5$  – түзету коэффициенті;

$K_o = 0,9$  – калибрлеу коэффициенті;

$E_{cm}$  – ұзақ әсер етулерді есептеу кезінде 7.9-формуласы бойынша түзетілетін бетонның серпімділік модулі.

7.2.5 Ұзындығы  $L$  сығылған элементтердегі күштерді анықтау кезінде геометриялық және конструктивті толық аяқталмағандардың ықпалын оларды 7.1-кестеге сәйкес балама геометриялық сипаттамаларға ауыстыра отырып есепке алуға болады. Бағана ұзындығы бойынша кемшіліктерді  $M_{Ed}$  бірінші тәртіпті есептеу арқылы анықталатын максималды есептік иілгіштік моментін ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.43) формула бойынша  $k$  коэффициентіне көбейтумен есептелінуі мүмкін:

$$k = \frac{\beta}{1 - N_{Ed} / N_{cr,eff}} \geq 1,0, \quad (7.11)$$

мұндағы  $\beta$  – бағандағы иілгіштік моменттердің эпюра түрлеріне тәуелді және ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 бойынша анықталатын коэффициенті (6.4-кесте);

$N_{cr,eff}$  – тиімді иілу қаттылығына  $(EI)_{eff,II}$  және бағана ұзындығына тең тиімді ұзындыққа сәйкес келетін қарастырылатын оське қатысты аумалы бойлық күш.

**7.1-кесте - ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.7.3.6) сәйкес орнықтылықты жоғалту қисығы және болаттемірбетонды сығылған элементтер үшін кемшіліктер**

Көлденең қима	Шектері	Оське қатысты орнықтылығын жоғалту	Орнықтылықты жоғалту қисығы	Элементтің кемшіліктері
Толық бетондалған қима 		y-y	$b$	$L/200$
		z-z	$c$	$L/150$
Жартылай бетондалған қима 		y-y	$b$	$L/200$
		z-z	$c$	$L/150$
Крестті қостау қимамен бетон қабығына жартылай бітелген пішін 		Кез келген	$b$	$L/200$

7.2.6 Сығылған күш  $N_{Ed}$  және иілгіштік момент  $M_{Ed}$  бірге әрекет еткен кезде болаттемірбетонды бағанның көтергіштік қабілеті ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.45) формуласы бойынша шартты қанағаттандыруы керек:

$$M_{Ed} / (\mu_d \cdot M_{pl,Rd}) \leq \alpha_M \quad (7.12)$$


мұндағы  $M_{Ed}$  – геометриялық кемшіліктерді және екінші тәртіпті әсерлерді есепке алу арқылы есептелетін максималды есептік иілгіштік момент;

$M_{pl,Rd}$  – пластикалық кезеңдегі қиманың иілуге көтергіштік қабілеті (7.3-сурет);


$\alpha_M$  – S235 бастап S355 дейінгі болат маркалары үшін 0,9 тең және S420 бастап S460 дейінгі болат маркалары үшін 0,8 тең етіп қабылданған коэффициент.

7.2.7  $\mu_d$  коэффициенті иілудің қарастырылатын жазықтығындағы  $M_{pl,Rd}$  пластикалық кезеңдегі иілгіштігінің көтергіштік қабілетіне байланысты (7.4-сурет).  $\mu_d > 1,0$  мәні, егер  $M_{Ed}$  иілгіш моменті  $N_{Ed}$  көлденең күштің әсерімен туындаған болса, мысалы, оның орталықтан тыс қосымшасы кезінде қабылданады (7.5-сурет).





7.3-сурет – Сығылып иілу кезіндегі қисықтың өзара әрекеті [18]

7.4-сурет –  $\mu_d$  коэффициентін анықтауға арналған қисық [18]

7.2.8 Қисық иілуді тудыратын екі жазықтықта орталықтан тыс сығылған бағандардың көтергіштік қабілеті ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.7.3.7) нұсқауларына сәйкес анықталуы тиіс.

### 7.3 Болат және бетонның ортақ жұмысын қамтамасыз ету

7.3.1 Бетон мен болат арасында ілініс күшін сенімді беруді, болатты тотанудан қорғау және бетонның жарылуының алдын алуды қамтамасыз ету үшін толықтай бетондалған болат қима сөресіне арналған бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы кем дегенде 40 мм және  $b$  сөресінің ені кем дегенде  $1/6$  құрауы тиіс. Арматураға арналған бетонның қорғаныш қабаты ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 нормаларының талаптарына сәйкес келуі керек.

7.3.2 Бағандарға жүктемелерді түсіру орындарында болат және бетон арасындағы көлденең жылжытушы күштердің берілуін қамтамасыз ету керек. Осы мақсатпен болат және бетон арасындағы ілініс не болмаса арнайы жалғау элементтері қолданылуы мүмкін.

Егер болат элементі және бетон түйіспесіндегі жанама кернеулер келесі мәндерден асып кетпесе, соңғылары талап етілмейді (бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы 40 мм кем емес кезінде және сәйкесінше көлденең және бойлық арматуралау болған кезде):

- $\tau_{Rd} = 0,3$  толық бетондалған қима қабырғалары және сөрелері үшін (7.2а-сурет);
- $\tau_{Rd} = 0,2$  жартылай бетондалған қима сөресі үшін (7.2б,в-сурет);
- $\tau_{Rd} = 0,0$  жартылай бетондалған қима қабырғасы үшін (7.2б,в-сурет).

7.3.3 Сәйкес келетін арматуралаумен бетонның қорғаныш қабатының үлкен қалыңдығы кезінде  $\beta_c \tau_{Rd}$  тең  $\tau_{Rd}$  өте үлкен мәндерді қолдануға болады, мұндағы  $\beta_c$  ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011(6.49) формуласымен анықталады:

$$\beta_c = 1 + 0,02c_z \cdot \left( 1 - \frac{c_{z,\min}}{c_z} \right) \leq 2,5, \quad (7.13)$$

мұндағы  $c_z$  – бетонның қорғаныш қабатының номиналды қалыңдығы (7.2а-сурет);

$c_{z,\min} = 40$  мм – бетонның қорғаныш қабатының минималды қалыңдығы.


7.3.4 Тұтас арматура мен бетон арасындағы жанама кернеулерді қарастырылатын ұзындық шектерінде болат немесе темірбетон қималарындағы күштерді өзгерту бойынша анықтау керек. Осы тік күшпен жүктелген бағандар үшін жүктемені түсіру ауданының шектерінен тыс бойлық ығысуды ескерудің қажеті жоқ.

7.3.5 Көлденең жүктемелер және/немесе бағана соңына түсірілген иілу моменттері әсер еткен кезде бетонның болат элементтермен түйісуі бойынша жанама кернеулерді жылжығыштығын және бетондағы жарықшақтардың түзілуін есепке ала отырып серпімді кезеңде есептеумен анықтау керек.


7.3.6 Бетон мен тұтас арматура арасындағы біріктіргіш бөлшектерді ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/201 (6.6.3) нұсқауларына сәйкес есептік жанама кернеулерді таратуға сүйене отырып жобалау керек. Бұл жағдайда бетонмен түйісетін болат қиманың беті майсыздануы, боялмауы және қабыршақтардан немесе тоттардан тазартылуы тиіс.

7.3.7 [6.7.4.2(4)] Егер қалыптастырылған бастиегі бар анкерлі өзектер толық немесе жартылай бетондалған қоставр қабырғасына дәнекерленген болса, онда жылжу қосылыстарындағы көтергіштік қабілетін бетон және қоставр сөрелері арасындағы үйкеліс күшінің әсер етулерін есептеу арқылы ұлғайтуға болады. Бұл ұлғайтуды қоставрдың әрбір сөресі үшін жалғау элементтерінің әрбір көлденең қатарының деңгейінде  $0,5 \mu P_{Rd}$  тең етіп қабылдауға болады (7.5-сурет). Мұнда боялмаған болат қималар үшін үйкеліс коэффициенті  $\mu = 0,5$  қабылданады, ал жеке анкерлік өзектің  $P_{Rd}$  көтергіштік қабілеті ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 (6.6.3) сәйкес анықталады.

7.3.8 [6.7.4.2(9)] Егер толық бетондалған бағандардағы жүктеме болат элементі арқылы берілетін болса (7.6-сурет), онда көлденең арматуралау болат элементі мен бетон арасындағы біріктіргіш бөлшектерде туындайтын бойлық ығысу біріктіргіш бөлшектерінсіз төменде орналасқан бетонға берілетіндей етіп есептелінеді. Бұл жағдайда бойлық арматуралауды жобалау үшін сығылған бетон өзектер бағана осіне  $45^\circ$  бұрышпен қиғашталған өзекті қаңқа моделі қолданылады.



**7.5-сурет - Қоставр қабырғасына дәнекерленген анкерлер бар болған кездегі болаттемірбетон бағандарындағы қосымша үйкеліс күштері**  
[ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.7.4.2(4)-тармақ]




**7.6-сурет – Толық бетондалған бағандардағы жүктемені беру сызбалары: 1 және 2 – сәйкесінше болатпен біріктірілмеген және біріктірілген бетон**  
[ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.7.4.2(9)-тармақ]

#### 1-МЫСАЛ

*Талап етіледі:*

Иілгіштік моменттерін бермейтін төбені және тіректерді тораптық жалғаулармен биіктігі  $H=3,0$  м болаттемірбетонды қоставрлы бағанды жобалау. Баған қоставр қима габариттерінің шектерінде жартылай бетондалған (7.7-сурет). Баған бағанның меншіктік салмағын қосқанда тұрақты жүктемеден  $N_G = 1100$  кН есептік осьтік күшін және уақытша жүктемеден  $N_Q = 800$  кН осьтік күштен әсер етуін сынайды.



7.7-сурет – Болаттемірбетонды баған қимасы

Есептің шешімі:


Қиманың келесі параметрлерін қабылдаймыз:

7.8-суреттегі белгілерге сәйкес геометриялық сипаттамалары бар В.3 бойынша 23К1 бағандық қоставр:

$h = 227 \text{ мм}$ ,  $b = 240 \text{ мм}$ ,  $t_f = 12 \text{ мм}$ ,  $t_w = 8 \text{ мм}$ ,  $J_y = 6589 \text{ см}^4$ ,  $W_y = 580 \text{ см}^3$ ,  $i_y = 9,95 \text{ см}$ ,  $J_z = 2421 \text{ см}^4$ ,  $W_z = 202 \text{ см}^3$ ,  $i_z = 6,03 \text{ см}$ .

Қоставрдың материалы келесі механикалық сипаттамалары бар S 235 маркалы болат (EN10025-2 сәйкес)  $f_y = 235 \text{ МПа}$ ,  $f_u = 360 \text{ МПа}$ ,  $E = 210000 \text{ МПа}$ , ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес C20/25 класты бетон ( $f_{ck} = 20 \text{ МПа}$ ,  $f_{cd} = 13,3 \text{ МПа}$ ,  $E_{cm} = 30000 \text{ МПа}$ ).

Баған S 275 маркалы болаттан жасалған 6 дана мөлшерінде диаметрі  $d = 16 \text{ мм}$  икемді өзектермен қосымша арматураланған. Өзектер осьтері қима қырынан  $a = 3 \text{ см}$  арақашықтықта орналасқан.



7.8-сурет – Бағандық қоставрдың көлденең қимасы

Болаттемірбетонды қиманың геометриялық параметрлері:

Қоставр қимасының ауданы:

$$A_a = 66,51 \text{ см}^2.$$

Арматура қимасының ауданы:

$$A_a = 12,06 \text{ см}^2.$$

Бетон қимасының ауданы:

$$A_c = h \cdot b - A_a - A_a = 22,7 \times 24 - 66,51 - 12,06 = 466,2 \text{ см}^2.$$

Арматуралау пайызы:

$$\rho = A_s / [b \cdot h - A_a] = 12,06 / [24 \times 22,7 - 66,51] = 0,025 = 2,5 \% < 4 \, \%.$$

Болаттемірбетонды қиманың көтергіштік қабілетін анықтау.

Сығу кезінде қиманың көтергіштік қабілеті келесі формуламен анықталады:

$$N_{pl,Rd} = A_a f_{yd} + 0,85 A_c f_{cd} + A_s f_{sd} = \\ = 66,51 \times 10^{-4} \times 235 \times 10^3 + 0,85 \times 466,2 \times 10^{-4} \times 13,3 \times 10^3 + 12,06 \times 10^{-4} \times 275 \times 10^3 = 2422 \text{ кН}.$$

Болат қимасымен қабылданған күш үлесін сипаттайтын  $\delta$  болаттың әсер ету коэффициенті келесіге тең:

$$0,2 < \delta = A_a f_{yd} / N_{pl,Rd} = 66,51 \times 23,5 / 2422 = 0,645 < 0,9.$$

Орнықтылықтың аз пайдалы қисықтық жоғалтудын (ҚР ҚН ЕН 1993-1-1:2005/2011 6.2-кесте), сондай-ақ  $J_y = 6589 \text{ см}^4 > J_z = 2421 \text{ см}^4$  қатынасын ескере отырып, бағанның көтергіштік қабілетінің кемуінің максималды ықтимал пішімі ОZ осіне қатысты оның орнықтылығын жоғалту болып табылады. Осыған байланысты барлық кейінгі есептеулерді осы оське қатысты қималардың геометриялық сипаттамаларын қолдану арқылы жүргіземіз.

Қоставр инерциясының моменті:

$$J_a = J_z = 2421 \text{ см}^4.$$

Арматура инерциясының моменті:

$$J_s = A_s / (b / 2 - a)^2 = 12,06 / (24 / 2 - 3)^2 = 977 \text{ см}^4.$$

Бетон инерциясының моменті:

$$J_c = hb^3 / 12 - J_a - J_s = 22,7 \times 24^3 / 12 - 2421 - 977 = 22752 \text{ см}^4.$$

Қиманың иілу қаттылығына ұзақ әсерлердің ықпалын  $\varphi_t = 2,0$  жылжығыштық коэффициентінің көмегімен бетон серпімділігінің модулін түзету арқылы есепке аламыз.

$$E_c = E_{cm} / (1 + \varphi_t N_G / N) = 30 / (1 + 2,0 \times 1100/1900) = 13,9 \text{ ГПа} = 13,9 \times 10^6 \text{ кН/м}^2.$$

мұндағы  $N = N_G + N_Q = 1100 + 800 = 1900 \text{ кН}$  – тұрақты және уақытша жүктемелердің әсер етулерінен пайда болатын жалпы есептік осьтік күш.

Берілген қиманың иілу қаттылығының мәнін анықтаймыз.

$$(EJ)_{\text{eff}} = E_a J_a + E_s J_s + 0,6 E_c J_c = 210 \times 10^6 \times 2421 \times 10^{-8} + 210 \times 10^6 \times 977 \times 10^{-8} + 0,6 \times 13,9 \times 10^6 \times 22752 \times 10^{-8} = 7187 \text{ кН} \cdot \text{м}^2.$$

Тапсырма шарттары бойынша бағанның іргетаспен және аражабынмен жалғану тораптары иілгіш моменттерді бермейтіндей етіп жобаланған ( $\mu = 1,0$  кезіндегі топсалы жалғау). Олай болса бағанның есептік ұзындығы:

$$l_o = \mu H = 1,0 \times 300 = 300 \text{ мм}.$$

Ауыспалы сығу күшінің шамасын анықтаймыз:

$$N_{cr} = \pi^2 (EJ)_{eff} / (l_0)^2 = 3,14^2 \times 7187 / 3^2 = 7873 \text{ кН.}$$

Бағанның шартты иілгіштігі келесіні құрайды:

$$\lambda^* = (N_{pl,Rk} / N_{cr})^{0,5} = (2422 / 7873)^{0,5} = 0,55.$$

Бағанның көтергіштік қабілетін бағалау әдістемесін таңдау кезінде келесі шарттар ескеріледі:

– бағанның көлденең қимасында екі симметриялы осі бар және барлық ұзындығы бойынша тұрақты болып табылады;

– бағанның шартты иілгіштігі  $\lambda^* = 0,55 < 2$ ;

– қиманы арматуралау пайызы  $\rho = 0,017 < 0,04$ ;

– болат қимамен қабылданатын күш үлесін сипаттайтын  $\delta$  болаттың әсер ету коэффициенті  $0,2 < \delta = 0,645 < 0,9$  шекараларында тұр.

Орындалған шарттар баған орнықтылығын қамтамасыз етуді тексеру үшін жеңілдетілген әдісті қолдануға мүмкіндік береді:

$$N / (\chi N_{pl,Rd}) = 1900 / (2422 \times 0,81) = 0,97 < 1,$$

мұндағы  $\chi = 0,81$  төмендету коэффициенті ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011 6.6-суретіне сәйкес «с» қисығы бойынша анықталған.

Бағанның көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілді.


## 2-МЫСАЛ

*Талап етіледі:*

Қаңқалы ғимараттың бірінші қабатының болаттемірбетонды аражабынынан 700 кН күшпен жүктелген, биіктігі  $H = 2,8$  м болаттемірбетонды бағанды жобалау.

*Есептің шешімі:*

Бағанның тұтас арматуралануын келесі геометриялық сипаттамаларымен HE140 болат қоставр түрінде жобалаймыз (7.9-сурет):  $h = 128$  мм,  $b = 140$  мм,  $t_f = 6$  мм,  $t_w = 4,3$  мм,  $A = 23,02$  см<sup>2</sup>,  $J_z = 275$  см<sup>4</sup>,  $W_z = 39,3$  см<sup>3</sup>. Қоставрлар келесі механикалық сипаттамалары бар S235 маркалы болаттан (ҚР СТ EN 10025-2 сәйкес) дайындалған:  $f_{yk} = 235$  МПа,  $f_{yd} = 360$  МПа,  $E = 205$  ГПа. Тұтас арматура толық бетондалған болып табылады. ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 сәйкес C35/45 класты бетон (3.1-кесте) ( $f_{ck} = 35$  МПа,  $f_{cd} = 23,3$  МПа,  $E_{cm} = 34000$  МПа). Иілгіш арматура диаметрі 12 мм алты өзектен тұрады.



**7.9-сурет – Жобаланатын баған қимасының геометриялық параметрлері**

Бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы:

$$c_y = 40 \text{ мм} < 0,4 b = 0,3 \times 140 = 56 \text{ мм},$$

$$c_y = 40 \text{ мм} < 0,3 h = 0,3 \times 128 = 40 \text{ мм}.$$

Қиманың габариттік өлшемдері:

$$h_c = h + 2c_z = 12,8 + 2 \times 4 = 20,8 \text{ см},$$

$$b_c = b + 2c_y = 14 + 2 \times 4 = 22 \text{ см}.$$

Арматураны қиманың бүйір қырларынан  $a = 3,6$  см арақашықтыққа орналастырамыз.  
Арматураның қима ауданы:

$$A_s = 6,79 \text{ см}^2.$$

Бетонның қима ауданы:

$$A_c = h_c \cdot b_c - A - A_s = 20,8 \times 22 - 23,02 - 6,79 = 427,8 \text{ см}^2.$$

Созылымды кезеңдегі қиманың көтергіштік қабілеті:

$$N_{pl,Rd} = A_a f_{yd} + 0,85 A_c f_{cd} + A_s f_{sd} = 23,02 \times 20,5 + 0,85 \times 427,8 \times 2,33 + 6,79 \times 42 = 1604 \text{ кН}.$$

Қиманың көтергіштік қабілетіндегі болаттың үлестік қатынасуы (п.6.7.1  
ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011):

$$0,2 < \frac{A_a f_{yd}}{N_{pl,Rd}} < 0,9,$$

$$0,2 < 0,29 < 0,9.$$

Қиманы арматуралау пайызы:

$$\rho = \frac{A_s}{b_c (h_c - a) - A_a} = \frac{6,79}{22 \times (20,8 - 3,6) - 23,02} = 1,89 \% > 0,3 \% .$$

Жазықтықтағы бағанның минималды иілу қаттылығындағы орнықтылығын тексереміз (ОҮ)  
Z осіне қатысты арматураның инерция моменті:

$$I_{sz} = A_{sz} \left( \frac{b_c}{2} - a \right)^2 = 6,79 \times \left( \frac{22}{2} - 3,6 \right)^2 = 371,8 \text{ см}^4.$$

Z осіне қатысты бетонның инерция моменті:

$$I_c = \frac{h_c b_c^3}{12} - I_{sz} - I_z = \frac{20,8 \times 22^3}{12} - 371,8 - 275 = 17800 \text{ см}^4.$$

Қиманың сипаттамалық қаттылығы:

$$(EI)_{\text{eff}} = E_a I_a + 0,6 E_c I_c + E_s I_{sz} = 20500 \times 275 + 0,6 \times 1133,3 \times 17800 + 20500 \times 371,8 = 25365900 \text{ кН} \cdot \text{см}^2.$$

Ұштары топсамен бекітілген бағанның есептік ұзындығы:

$$l_0 = \mu \cdot l = 1,0 \times 280 = 280 \text{ см.}$$

Шекті сығу күші:

$$N_{cr} = \frac{\pi^2 (EI)_{eff}}{l_0^2} = \frac{\pi^2 \times 25365900}{280^2} = 3193 \text{ см.}$$

Қиманың көтергіштік қабілетінің сипаттамалық мәні:

$$N_{pl,Rk} = A_a f_{yk} + 0,85 A_c f_{ck} + A_s f_{sd} = 23,02 \times 22,5 + 0,85 \times 427,8 \times 3,5 = 2153 \text{ кН.}$$

Бағанның салыстырмалы иілгіштігі:

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{N_{pl,Rk}}{N_{cr}}} = \sqrt{\frac{2153}{3193}} = 0,821.$$

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.5-кестесіне сәйкес редуциялық коэффициенті:

$$\chi(\bar{\lambda}) = \left(1 + \bar{\lambda}^{2n}\right)^{-1} = \left(1 + 0,821^{2 \times 1,2}\right)^{-1} = 0,668.$$

Бағанның көтергіштік қабілетін қамтамасыз ету шарты:

$$\frac{N}{\chi N_{pl,Rd}} = \frac{700}{0,668 \times 1604} = 0,65 < 1.$$

Бағанның көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілді.


### 3-МЫСАЛ

*Берілгені:*

Көлденең қиманың келесі параметрлері бар болаттемірбетонды баған (7.10-сурет):

$$b_c = h_c = 400 \text{ мм, } c_z = 70 \text{ мм, } I_y = 2959 \text{ мм}^4.$$

Баған OZ осіне параллель әсер ететін  $V_{z,Ed} = 54 \text{ кН}$  көлденең күшпен жүктелген.



**7.10-сурет – Көлденең жылжудың 1-1 жазықтығымен белгіленген бағанның көлденең қимасы**



*Талап етіледі:*

Бетонды қоставр сөрелерімен түйістіру бойынша бойлық жылжыту кезіндегі қиманың көтергіштік қабілетін тексеру (7.10-суреттегі 1-1 қима).

Есептің шешімі

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.6-кестеге сәйкес толық бетондалған көлденең қима үшін бетон мен болат арасындағы жылжытудың есептік кедергісі  $\tau_{Rd} = 0,3$  МПа тең.

Қима бетоны қосымша бойлық және көлденең арматурамен арматураланғандықтан, ал оның қабатының қалыңдығы  $c_z = 70$  мм  $> c_{z,min} = 40$  мм болғандықтан, ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 6.7.4.3(4)-тармағына сәйкес  $\tau_{Rd} = 0,3$  МПа мәнін келесі шамаға ұлғайтуға болады:

$$\beta_c = 1 + 0,02(1 - c_{z,min}/c_z) = 1 + 0,02 \times 70 \times (1 - 40/70) = 1,6 < 2,5.$$

Жылжыту кедергісінің ұлғайтылған мәні:

$$\tau_{Rd} = 0,3 \times 1,6 = 0,48 \text{ МПа құрайды.}$$

Қоставр сөресі мен қима қырының арасындағы көлденең қиманың ауданы:

$$A_z = b_c c_z = 400 \times 70 = 28000 \text{ мм}^4.$$

Белгіленген бетон қимасының Y осінен ауырлық орталығына дейінгі арақашықтығы:

$$z = 0,5 h_c - 0,5 c_z = 0,5 \times 400 - 0,5 \times 70 = 165 \text{ мм.}$$

Бойлық жылжыту кезіндегі қиманың көтергіштік қабілетін анықтаймыз:

$$V_{z,Rd} = \tau_{Rd} I_y b_c / (z A_z) = 0,48 \times 2959 \times 400 / (0,165 \times 28000) = 123 \text{ кН.}$$

Келесі шарт орындалатындықтан жылжыту кезіндегі көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілген:

$$V_{z,Ed} = 54 \text{ кН} < V_{z,Rd} = 123 \text{ кН.}$$

**А қосымшасы**  
(ақпараттық)


**Тұтас арматуралы болаттемірбетон конструкцияларын қолдану саласы**

**А.1 Ғимараттар қаңқасы**

А.1.1 Тұтас арматуралауды биік үйлерде және ауыр жүктелген қаңқа ғимараттарында қолдану ең тиімді болып табылады. Тұтас арматураның нәтижесінде, әсіресе, көп қабатты ғимараттардың төменгі қабаттары үшін маңызды конструкция габариттері кішірейеді. Сонымен қатар металл конструкциялармен салыстырғанда болат пішіндерді бетондау оларды тоттанудан және өрттен қорғаушы болып табылады.

А.1-суретте Мәскеудегі соғысқа дейінгі уақытта жобаланған және іске асырылмаған Кеңестер сарайының болат қаңқасының көрінісі көрсетілген. Қаңқаны монтаждағаннан кейін ригельдердің төменгі белдеулеріне аражабындар бетондалған және ригельдермен монолитті құйылған құрама қалқандардан тұратын қалыпты ілу жорамалданған.


А.2-суретте қаңқасы бетондалған болат бағандардан және арқалықтардан жасалған әкімшілік ғимаратының конструктивті шешімі ұсынылған. Темірбетонды плиталарды тұрғызған кезде оларды ұстап тұратын болат арқалықтар бір уақытта монолитті құйылды. Ғимараттың кеңістік қаттылығы аражабындар және коммуникациялық шахталардың темірбетон қабырғалары түріндегі тік ядра есебінен қамтамасыз етілді.



**А.1-сурет –Мәскеудегі іске асырылмаған Кеңестер сарайының тұтас арматуралы болаттемірбетонды қаңқасының көрінісі [2]**


Осыған ұқсас шешім 50 қабатты ғимаратты тұрғызу кезінде қабылданған болатын, оның кеңістіктік қаттылығы болаттемірбетон аражабындары, қаттылықтың тік ядрасы және шеткі қабырғалардағы қаттылық диафрагмалары есебінен қамтамасыз етілді (А.3-сурет). Ғимараттың қабырғаларының және бағандарының қималары А.4-суретте

берілген. Ғимарат кезеңдермен тұрғызылды: болат қаңқаны монтаждағаннан кейін 10 қабат биіктікке аражабындарды бетондау және келесі 10 қабат биіктікке қаңқаны монтаждаумен қатар бағандарды монолитті құю жүргізілді.




**А.2-сурет – Дюссельдорфтегі 25 қабатты Mannesmann әкімшілік ғимаратының типтік қабатының (а) және тік қимасының жоспары (б) [7]**

А.1.2 Биік ғимараттардың максималды көтергіштік қабілетіне және кеңістіктік қаттылығына сыртқы қабырғаларды орнату кезінде қатты тұйықталған қабық түрінде қол жеткізіледі. Америкалық SOM фирманың зерттеулеріне сәйкес мұндай қабырғалар тұтас арматураланған монолитті темірбетоннан тұрғызылады, олардың функцияларын болат қаңқаның шеткі бағандары атқарады (А.5 және А.6-суреттері).




1 – болаттемірбетонды коммуникациялық шахта, 2 – тұтас арматуралы құбырбетонды бағандар, 3 – болаттемірбетонды бағандар, 4,5 – аражабындардың болаттемірбетонды арқалықтары, пішімделген төсемдегі темірбетонды плита, 7 – технологиялық коммуникацияларды өткізуге арналған қоставр аралықтарының қабырғаларындағы ойықтар

**А.3-сурет – Хьюстондегі 50 қабатты FirstCityTower ғимаратының болаттемірбетонды аражабындарының конструктивті шешімі[7]**





1 – анкерлік өзектер

**А.4-сурет – Хьюстондегі 50 қабатты FirstCityTower ғимараттың коммуникациялық шахталарының (а) және бағандарының (б,в,г) болаттемірбетонды қабырғаларының қимасы [7]**




1 – дәнекерленген коставр түріндегі тұтас арматура, 2 – аражабындардың болат ригелі, 3 – қасбетті каптау, 4 – темірбетон бағаны және қабырғалық ригель

**А.5-сурет –Америкалық SOM фирмасымен жобаланған биік ғимараттардың көтергіш қабырға қаңқасының көлденең қимасы[7]**




**А.6-сурет – Америкалық SOM фирмасымен жобаланған биік ғимараттардың көтергіш қабырға қаңқасының көлденең қимасы [7]**

А.1.3 Биік қаңқа ғимараттарын жобалаған кезде тұтас арматура болат бағандар және ригельдер түрінде қатты жиектеме қаңқасын түзе отырып, сыртқы темірбетон қабырғаларының қалыңдығы шектерінде орналасқан кездегі шешімдерді қолдануға тырысу керек (А.7-сурет).




**А.7-сурет –АҚШ-ғы биік ғимараттының сыртқы қабырғаларының тұтас арматуралы темірбетон бағандары[7]**

А.1.4 А.8-суретте құбырбетонды бағандар және тұтас арматуралы болаттемірбетонды аражабындарды қолдану арқылы қимасы таврлық болат арқалықтар түрінде салынған биік ғимарат қаңқасының конструктивтік шешімі ұсынылған.



**А.8-сурет –Венадағы 50 қабатты MilleniumTower ғимаратының болаттемірбетон аражабындары бар жиектемелердің (а) және бағандардың (б) конструктивтік сызбасы [7]**


в)



1 – анкерлі өзектер, 2 – көлденең арматура, 3 – арматура торы, 4 – аражабындардың тавр арқалықтарының тіректі арматуралануы, 5 – плитаның тіректі арматуралануы

**А.8-сурет – Венадағы 50 қабатты Millenium Tower ғимаратының болаттемірбетон аражабындары бар жиектемелердің (а) және бағандардың (б) конструктивтік сызбасы [7] (жалғасы)**

А.1.5 Тұтас арматуралауды ғимараттардың болат қаңқаларының қаттылығын тік темірбетонды диафрагмаларда қолдану керек. Мұндай диафрагмалар әдетте өртке қарсы жоғары талаптар көрсетілетін баспалдақ торларының, коммуникациялық шахталардың қабырғаларымен қатар қолданылады (А.9-сурет).




**А.9-сурет – Бағандармен және ригельдермен (а) не болмаса монолитті құйылған торлы байланыстармен (б) біріктірілген тік монолиттік қаттылық диафрагмалары [7]**

А.1.6 А.10-суретте бір мезгілде биік ғимараттың қаттылық ядросы болып табылатын коммуникациялық шахта қабырғаларының конструктивтік шешімі берілген. Есік


ойықтары арасындағы монолитті темірбетон қабырғаларының учаскелері анкерлік өзектердің көмегімен болат ригельдермен біріктірілген. Осының нәтижесінде көлденең әсер етулерді қабылдаған кезде ригельдер мен темірбетон қабырғаларының ортақ жұмысы қамтамасыз етіледі (А.11-сурет).

А.1.7 Қаттылық диафрагмасы болып табылатын тар темірбетон аралықтары кезінде олардың болат қаңқамен біріктірілуін жартылай (А.12а-сурет) немесе толықтай (А.12в-сурет) бетондалуы мүмкін бағандары бар жапсарларда жүзеге асыру біршама мақсатты.



1 – болат бағандар, 2 – болат ригельдер, 3 – монолиттік темірбетон қабырғалары, 4 – біріктіргіш анкер өзектері


**А.10-сурет – Тік монолиттік қаттылық диафрагмаларының биік ғимараттың коммуникациялық шахтасының металл қаңқасымен біріктірілуі [7]**



1 – болат бағандар, 2 – монолиттік темірбетон қабырғалар, 3 – болат ригель, 4 - біріктіргіш анкер өзектері

**А.11-сурет - Көлденең әсер етулер кезіндегі болат ригельдердің тік монолиттік қаттылық диафрагмаларымен ортақ жұмысының сызбасы [7]**







1 – болат бағандар, 2 – монолиттік қаттылық диафрагмасы, 3 – біріктіргіш анкер өзектері  
**А.12-сурет –Тік монолиттік қаттылық диафрагмаларының болат қаңқаның бағандарымен біріктірілуі [11]**

## А.2 Болаттемірбетонды арқалықтар


А.2.1 Тұтас арматуралы арқалықтар өзіндік конструктивтік элементтер не болмаса басқа конструкциялармен интеграцияланған көтергіш элементтер, мысалы, темірбетон аражабындары болып табылуы мүмкін. Тұтас арматура ретінде артықшылықты прокаттық қоставрларға және швеллерлерге беру керек (А.13 және А.14-суреттер). Қосарланған швеллерлер жазылған енді қиманың қабырғаларында қолданылады (А.15-сурет).



**А.13-сурет – Темірбетон плитамен біріктірілген металл арқалықтар [5]**




**А.14-сурет – Қоставрларды (а, б) және швеллерлерді (в) қырлы болаттемірбетон аражабындарының тұтас арматурасы ретінде қолдану нұсқалары [2]**




1 – монолиттік темірбетон плита, 2 – болат торлы құрама плиталар, 3 – бетон, 4 – көлденең арматура, 5 – тіректі ернемек, 6 – бойлық арматура

**А.15-сурет – Прокатты швеллерлерді қабырғалардың тұтас арматурасы ретінде қолданумен қабырғалық аражабындар [7]**


А.2.2 Ауыр салмақты аражабындарда не болмаса көпірлердің аралық құрылысындағы тұтас арматура ретінде артықшылықты дәнекерленген қорапты немесе астау тәрізді қималарға беру керек (А.16 – А.18-сурет).



**А.16-сурет – Қорапты және астау тәрізді дәнекерлеу қималарының тұтас арматуралы болаттемірбетонды арқалықтары [16]**




**А.17-сурет – Астау тәрізді қиманың суықтай иілген болат пішіндері түріндегі тұтас арматуралы қабырғалық болаттемірбетонды аражабын [9]**




**А.18-сурет – Көпір аралық құрылыстардың астау тәрізді болат арқалықтармен болаттемірбетонды қималары [23]**

А.2.3 Бетон мен болатты біріктіруді қалыптастырылған бастиектері бар анкерлік өзектердің көмегімен орындау керек. Жағдайлар қатарында бетонмен біріктіруді перфорирленген немесе тарақ тәрізді қабырғалардың және иілгіш арматураның көмегімен қолдану дұрыс болуы мүмкін (А.19 және А.20-суреттері).




**А.19-сурет – Бетонмен тавр қимасының арқалықтарын перфорирленген қабырғаның (а) және иілгіш арматураның (б) көмегімен біріктіру [18]**



1 – қамыттар, 2 – көлденең арматура

**А.20-сурет – Болаттемірбетонды арқалықтың бетонмен иілгіш арматураның және тарақ тәрізді қабырғалардың көмегімен біріктірілген тавр қималарының белдеулерімен көлденең қимасы [12]**


А.2.4 Көлденең қиыққа көтергіштік қабілетін арттыру мақсатында биік қоставр темірбетон арқалықтарындағы қабырға кеңістігінің арасы бетонмен толтырылған тік болат табақтар түрінде орындалуы мүмкін (А.21-сурет).




1 – болат табақтар, 2 – анкерлік өзектер

**А.21-сурет – Болаттемірбетонды қабырғасы бар темірбетонды арқалық [7]**

А.2.5 Құрама темірбетонның дамыған өндірістік базасы бар болған кезде артықшылықты құрама немесе құрама-монолиттік болаттемірбетонды арқалық құралымдарына беру керек. Құрама арқалықтарға мысалдар А.22 және А.23-суреттерде берілген.




**А.22-сурет – Темірбетонды плиталарды жоғары (а) және төмен (б) орналастыру арқылы зауыттық дайындалған болаттемірбетонды арқалықтардың қимасы [23]**



1 – алдын-ала созылатын арматура, 2 – иілгіш бойлық арматура, 3 – көлденең арматура, 4 – қоставр қабырғасындағы саңылау арқылы өткізілген олардың болатты арматура анкерлері


**А.23-сурет – Зауыттық дайындалған алдын-ала кернеуленген құрама болаттемірбетонды арқалық [9]**

А.2.6 А.24-суретте алдын-ала кернеуленген Preflex құрама арқалықтарының конструктивтік шешімі, ал А.25-суретте оларды дайындау кезеңдері берілген. Бастапқыда металл қоставр кері иілуге ұшырайды, ал оның төменгі белдеуі бетондалады. Кері иілу бетон беріктікті толық жинағанға дейін шыдайды, осыдан кейін пайдалану кернеуімен кернеудің қарама-қарсы белгісін сақтай отырып, арқалық жеңілдетіледі. Құрылыс алаңында қалыпты ұстап тұруға арналған көрсетілген арқалықтарды қолдану арқылы темірбетон плиталарды бетондау жүзеге асырылады.




- 1 – болат қоставр, 2 – қалыптастырылған бастиектері бар анкерлік өзектер, 3 – бойлық арматуралау, 4 – болат ішектер түріндегі алдын-ала кернеуленген арматура, 5 – темірбетонды монолиттік аражабын плита

**А.24-сурет – Алдын-ала кернеуленген болаттемірбетон арқалық аражабындарының көлденең қимасы Preflex [7]**



**А.25-сурет –Preflex фирмасының тұтас арматуралы болаттемірбетонды аражабындарын дайындау кезеңдері [9]**

А.2.7 А.26-суретте ені 2,5-тен 3,0 м дейінгі жеке блоктардан монтаждалатын құрама-монолиттік аражабындар қимасы берілген.




- 1 – болат таврлар, 2 – зауыттық дайындалған темірбетон плита, 3 – қалыптастырылған бастиектері бар анкерлік өзектер, 4 – тавр қабырғасындағы анкерлеуші «тарак», 5 – құйылатын бетон, 6 – құрама монтаждау блогі

**А.26-сурет – Тавр қимасының металл арқалықтары бар құрама-монолиттік аражабын [21]**

### А.3 Болаттемірбетонды аражабындар

А.3.1 Болаттемірбетонды аражабындардағы тұтас арматура созылған аймақтағы секілді сығылған аймақты қосқанда қиманың барлық биіктігі бойынша орналасуы мүмкін. Плитаның жоғарғы қорғаныш қабатының қалыңдығын сол кездегі бетондау қолайлылықтарына байланысты төменгі қорғаныш қабаты жоқ болған кезде талап етілген өрт қауіпсіздігі жағдайынан белгілеу керек, ал өртке қарсы талаптар жанғыш емес материалдардан жасалған тосқауылдармен қамтамасыз етіледі (А.27 – А.29-суреттер).




1 – жоғарғы арматура өзектері, 2 – жоғарғы көлденең арматура, 3 – бетон, 4 – төменгі арматура өзектері, 5 – төменгі көлденең арматура, 6 – қалқан қалып

**А.27-сурет – Көпір төсемінің дәнекерлеу қоставр түріндегі тұтас арматуралаумен көлденең қимасы [10]**




**А.28-сурет – Болаттемірбетонды аражабындарда қолданылатын тұтас арматура қимасы [13]**



**А.29-сурет – А.28-суретте кескінделген тұтас арматуралы болаттемірбетонды плиталардың қимасы [17]**


А.3.2 Дайындауда ең қолайлысы сөрелерге бетондау процесінде пішінделген болат төсемдер (А.30а-сурет) не болмаса уақытша қалып (А.30б-сурет) қойылуы мүмкін таврлар түріндегі тұтас арматуралы плиталар болып табылады.




1 – қалыптастырылған бастиектері бар анкерлі өзектер, 2 – пішінделген болат табақтағы темірбетонды плита, 3 – монолиттік темірбетон плита

**А.30-сурет – Темірбетонды аражабын плиталарының болат таврлар түріндегі тұтас арматурамен көлденең қимасы [7]**

А.3.3 Жоғары көтергіштік қабілеті және қаттылығы бар аражабындарда тұтас арматуралау ретінде А.31 және А.32В-суреттерде көрсетілген арнайы болат пішіндерді мақсатты қолдану.




**А.31-сурет – Ашық қорап қимасының дәнекерлеу пішіндері түріндегі тұтас арматуралы болаттемірбетонды аражабын [9]**




**А.32-сурет – Тұйықталған қорап қимасының дәнекерлеу пішіндері түріндегі тұтас арматуралы болаттемірбетонды аражабын [9]**



А.3.4 Құрама темірбетонның дамыған өндірістік базасы бар болған кезде артықшылықты құрама не болмаса құрама-монолиттік аражабындарға беру керек (А.33 және А.34-суреттер).



**А.33-сурет – Зауыттық дайындалған болатбетонды қоставр түріндегі тұтас арматуралы құрама-монолиттік болаттемірбетон плита [15]**




1 – зауыттық дайындалған темірбетон плита, 2 – плиталарды монтаждауға арналған күшейтілген төменгі белдеуі бар болат қоставр, 3 – баған, 4 – монолитті құйылған бетон

**А.34-сурет – Болат қоставр және олармен біріктірілген зауыттық дайындалған темірбетонды плиталар түріндегі тұтас арматуралы құрама-монолиттік аражабын [21]**

А.3.5 Болаттемірбетонды арқалықтардағы тұтас арматураның аз биіктікті қимасымен және бетон плитасының үлкен қалыңдығымен бетонның кесілуі металл пішіндері үстінде


болуы мүмкін. Бұл жағдайда жоғарғы сөреге тұтас арматурамен дәнекерленген көлденең орналасқан өзектермен, не болмаса қосымша жұмысшы иілгіш арматураны бұгумен жүзеге асуы мүмкін бетонды қосымша арматуралау керек (А.35-сурет).



1 – тұтас арматура, 2 – иілгіш арматура, 3 – қисық анкерлік өзектер

**А.35-сурет – Бір аралықты тұтас арматуралы болаттемірбетонды арқалықтардың тірек жанындағы аймақтарды қосымша арматуралау [2]**

А.3.6 Қиманың аз биіктігін кесілмеген тұтас арматуралы болаттемірбетонды арқалықтардағы тіректі иілгіштік моменттермен туындаған созғыш күштерді қабылдау үшін тірек аймақтарын қосымша иілгіш арматуралармен күшейту керек (А.36-сурет).




1 – иілгіш майыстырылған арматура


**А.36-сурет – Кесілмеген тұтас арматуралы болаттемірбетонды арқалықтардың тірек жанындағы аймақтарын арматуралау [2]**

#### А.4 Болаттемірбетонды бағандар

А.4.1 Болаттемірбетонды бағандардың көлденең қималарында екі симметриялы осі болуы және ұзындығы бойынша тұрақты болуы тиіс. Тұтас арматура ретінде көбінесе қоставрлар, швеллерлер және бұрыштар жиі қолданылады. Тәжірибеде қиманың басқа пішіндері қолданылуы мүмкін (А.35 және А.36-суреттер).




**А.35-сурет – Қоставрлар (а, б), швеллерлер және бұрыштар (в) және крест тәрізді пішіндер (г) түріндегі тұтас арматуралы болаттемірбетон бағандар қималарының түрлері [5]**



**А.36-сурет – Көпір болаттемірбетонды тіректердің тұтас арматура түрлері [20]**


А.4.2 Бетондау қолайлылығы тұрғысынан артықшылықты дара қоставрлардан жасалған тұтас арматураға беру керек (А.37а-сурет). Дегенмен мұндай арматуралау сөрелердің жазықтығында бетондалмаған пішіндің жоғарғы иілгіштігіне байланысты монтаждау кезеңінде аз тиімді. Осыған байланысты ең қолайлысы бір-бірінен максималды арақашықтықта орналасқан және өзара плитайлармен жалғанған екі швеллерден немесе қоставрдан тұратын қима болып табылады (А.37б-сурет). Осының нәтижесінде болатбетонды қиманың иілгіштік қаттылығы біршама көтеріледі, бұл орталықтан тыс сығылған ауыр салмақ түсірілген бағандар үшін ерекше маңызды. Монтаждау процесінде максималды иілгіш қаттылығына бұрыштар түрінде бағанның барлық төрт қыры бойынша тұтас арматураны орналастыратын қима ие болады (А.37в-сурет).



**А.37-сурет – Бір тармақты (а), екі тармақты (б) және төрт тармақты өзектер түріндегі тұтас арматуралы болаттемірбетонды бағандар [2]**

А.4.3 Бірнеше пішіндерден тұратын тұтас арматураны өзара тақтайлармен жалғау керек, бұрыштармен торлап жалғаған кезде бағандарды бетондау қиындатылады. Осы түсініктермен қаттылықтың көлденең диафрагмаларын қолдануға рұқсат етілмейді.

А.4.4 Пайдаланылатын ғимараттарда болат бағандардың отқа төзімділігінің бір уақытта көтерілуі немесе қоршаған ортаның агрессивтік әсерлеріне қарсы келуі кезінде оларды күшейту қажеттілігі жиі туындайды. Бұл жағдайларда тұтас арматура ретінде есептеу қажет болатын бағандарды толық немесе жартылай бетондау тиімді болуы мүмкін (А.38-сурет).



1 – болат қоставрлар, 2 – көлденең тақтайлар, 3 - бетон

**А.38-сурет - Қолданыстағы ғимараттың болат бағанын жартылай бетондау арқылы күшейту [2]**


**Б қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Тұтас арматуралы болаттемірбетонды элементтерді тораптық жалғау**

Б.1 Тұтас арматуралы бағандарды және ригельдерді тораптық жалғауларды жобалау кезінде металл конструкцияларда қолданылатын шешімдерді қолдану керек. Тұтас арматураны жалғау дәнекерлеумен және бұрандамалармен жүзеге асуы мүмкін.

